совхоз «Кушмурунский». Первое отделение, поселок Утинка. Поработав ветеринарным техником, через полгода Антон Львович принял дела у управляющей отделением Елизаветы Максимовны Ефимчик. В нем скоро проявились лидерские черты, Сидорова избрали секретарем первичной комсомольской организации совхоза.

Как-то секретарь парткома «Кушмурунского» Салкен Казиевич Майленов заехал в райком комсомола, сказал Вере Васильевне: «Хочу познакомить тебя с парнем, вокруг которого все у нас в хозяйстве вертится. Все наши комсомольцы с ним вместе и поют, и пляшут, а работают – на заглядение. Нет у него ни одного комсомольца, выбывшего без снятия с учета – и в документах полный порядок. Сидоров его фамилия. Поехали?»

Поехали. Вера Васильевна за рулем мотоцикла, секретарь парткома за ней в седле. «Лихо так подкатили, - вспоминает Антон Львович. – Руку дивчина с узлом волос на затылке подала сильную, твердую, надежную». Так и познакомилась Вера Лазукина с человеком, чью фамилию вскоре стала носить. С этой фамилией стала известной всей стране.



# ЖАМБЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГЫ
# ЖАМБУЛСКИЙ СЕЛЬСКИЙ ОКРУГ

1954 жылғы наурыздың 6-да ұлан байтақ Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен тың игеруге аттанған 169 адам аудан орталығынан 60 шақырым жердегі болашақ «Джамбульский» кеңшарының орынына келіп ат басын тіреді. Болашақ шаруашылық іргетасының алғашқы қазығын оның тұңғыш директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Зоненко Дмитриевич Иванович қақты. Тың даланың алғашқы гектарларын көтеру құрметіне механизаторлар Леонид Петрович Пунтус, Константин Гордеевич Никитин, Жәкен Сәрсембин, Григорий Владимирович Макавчик, Григорий Семенович Кислый, Михаил Максимович Сухой, Сергей Михайлович Завьяловтар ие болды. Тың игерудің алғашқы жылы жаңа қоныстанушылар 25 мың гектар жер жыртып, оның 15 мың гектарына бидай сеуіп тастады. Арада бір жыл өткенде егістік алқап аумағы 27 мың гектардан асты. Алғашқы 10 тұрғын үй (кейін бұл көшеге Зоненко есімі берілді) және жатахана мен аурухана орналасқан екі қабат ғимараттар салынды.

Тракторшылар бригадасының бригадирі Владимир Степанович Кошевенко үздік көрсеткіштері үшін Ленин орденімен және Еңбек Қызыл ту орденімен марапатталды. Алғашқы кезде аспаз болған Кошевенко Софья Кирилловна кейінірек тамаша сауыншы атанды. Үкімет оның да ерен еңбегін жоғары бағалап, Еңбек даңқы орденімен екі мәрте марапаттады.

1958 жылы Жамбыл кеңшарының директоры болып Брага Михаил Алексеевич тағайындалып, бұл қызметті он жылдан астам уақыт атқарды. Шаруашылықты ол басқарған жылдары МТМ, Пионерская көшесінің



6 марта 1954 год 169 человек из разных уголков Советского Союза прибыло на место будущего совхоза «Джамбульский», который расположился в 60 километрах от районного центра. Первый колышек забил на месте будущего хозяйства его первый директор Зоненко Дмитриевич Иванович, кандидат сельскохозяйственных наук. Первые гектары подняли механизаторы Леонид Петрович Пунтус, Константин Гордеевич Никитин, Жакен Сарсембин, Григорий Владимирович Макавчик, Григорий Семенович Кислый, Михаил Максимович Сухой, Сергей Михайлович Завьялов. В первый год освоения целины новоселы вспахали 25 тысяч и засеяли пшеницей 15 тысяч гектаров. Спустя год площадь пашни превысила 27 тысяч гектаров. Было построено 10 домов (эта улица позже была названа именем Зоненко) и двухэтажки под общежитие и больницу.

Бригадир тракторной бригады Владимир Степанович Кошевенко за высокие показатели награжден Орденом Ленина и орденом Трудового Красного Знамени. Кошевенко Софья Кирилловна - поначалу повар, потом замечательная доярка. Родина оценила ее труд, наградив двумя орденами Трудовой славы.

В 1958 году директором Джамбульского совхоза стал Брага Михаил Алексеевич, проработавший в это должности более десяти лет. При нем были построены МТМ, жилые дома по ул. Пионерской, животноводческая база на 300 голов КРС. Прежде всего, школа, детский сад, клуб. Выпускники школы помнят таких педагогов, как Галина Ивановна Миланич, Тамара Васильевна Филимонова, Светлана Михайловна Ульрих, Мария Николаевна Беляева и многих других учителей.

В 1969 году на смену Браге пришел молодой дирек-







бойындағы тұрғын үйлер, 300 бас ірі қараға арналған мал өсіру базасы салынды. Ең алдымен мектеп, балалар бақшасы, клуб бой көтерді. Сол алғашқы мектеп түлектері өздерінің Галина Ивановна Миланич, Тамара Васильевна Филимонова, Светлана Михайловна Ульрих, Мария Николаевна Беляева және басқалар сынды ұстаздарын әлі күнге дейін зор құрметпен еске алады.

1969 жылы Бриганың орынына кеңшарға директо болып жас маман Рева Дмитрий Константинович келді. Ол кезде кеңшар ұжымы 478 адамнан тұратын да, оның үштен бірін механизаторлар құрайтын. Өндірістің түрлі салаларында ауыл шаруашылығының кәсіби біліктілігі жоғары 32 маманы еңбек етті. Жылдар өте келе жамбылдықтар тынымсыз еңбек етуі арқасында жаңа табыстарға қол жеткізді. Шаруашылықтың орталығы мен бөлімшелері өсіп, өркендей түсті. Егіс алқаптары өнімділігінің қандай қарқынмен өскенін мына деректерден айқын көруге болады: 1971 жылы – әр гектардан 13,6 центнер астық жиналған болса, 1972 жылы – гектарынан 15,0 центнер жиналып, 1973 жылы бұл көрсеткіш 16,1 центнер құрады. Астық өндіру ісін қарқында дамытумен қатар, кеңшар ұжымы «екінші тыңды», яғни мал шаруашылығын да табысты игере бастады. Еңбектегі биік жетістіктерімен Игнатьев Иван Ефимович, Сәрсембин Жәкен, Софья Дмитриевна Саган, Наталья Григорьевна Мовчан, Евгения Максимовна Симакина, Матвеева Нина Ивановна және басқалар секілді сауыншылар мен малшылар өзгелерге үлгі бола білді.

Кеңшарда 1971 жылы кірпіш зауыты іске қосылып, жылына 500 - 600 мың дана кірпіш өндіре бастады. Бұл

тор совхоза Рева Дмитрий Константинович. Коллектив совхоза насчитывал 478 человек, из которых одну треть составляли механизаторы. На различных участках производства трудились 32 высококвалифицированных специалиста сельского хозяйства. Шли годы, самоотверженный труд джамбульцев приносил новые успехи. Застраивались центральная усадьба и отделения хозяйства. Вот как росла урожайность полей. 1971 год – собрано с гектара 13,6 центнера; 1972 год – собрано с гектара 15,0 центнера; 1973 год - собрано с гектара 16,1 центнер зерна. Наряду с увеличением производства зерна коллектив совхоза осваивал «вторую целину» - животноводство. Тон задавали доярки и скотники Игнатьев Иван Ефимович, Сарсембин Джакен, Софья Дмитриевна Саган, Наталья Григорьевна Мовчан, Евгения Максимовна Симакина, Матвеева Нина Ивановна и другие.









кірпіштер тұрғын үйлер, сарайлар мен өндірістік нысандар салуға жұмсалды. 1974 жылы 420 бала оқитын, спорт және акт залдары бар жаңа мектеп салынды. Жаңа мектепке Семенова Екатерина Ивановна, Құдабаева Шолпан Үмітбайқызы, Баймышева-Құдабаева Жакилья Қабақызы сынды жас ұстаздар келді. Қазір олар зейнет демалысында, бірақ өздері талай жыл еңбек еткен Жамбыл негізгі мектебінің шәкірттерін біліммен сусындатуды әлі күнге дейін жалғастырып келеді.

Зор өндірістік табыстары үшін және тың және



тыңайған жерлерді игреудің 20 жылдығына орай кеңшар «Халықтар достығы» орденімен марапатталды.

1977 жылы кеңшарда балшықпен емдеу және емнің басқа да түрлерін қолдануға арналған арнайы жабдықтары бар шипажай мен аурухана іске қосылды. 1984 жылы Мәдениет үйі салынып, 1988 жылы – 120 орындық жаңа балалар бақшасы пайдалануға берілді.

Реформалар жүзеге аса бастаған жылдары Жам-

В 1971 году вступил в строй кирпичный завод, производивший 500 - 600 тысяч штук кирпича в год. Кирпичи шли для строительства домов, сараев и на производственные объекты. В 1974 году была построена новая школа на 420 мест, со спортзалом и актовым залом. В новую школу приехали молодые учителя Семенова Екатерина Ивановна, Кудабаева Шолпан Умутбаевна, Баймышева-Кудабаева Жакилья Кабаевна. Они уже на заслуженном отдыхе, но продолжают работать в родной Жамбылской основной школе.



За большие производственные успехи в связи с 20-летием освоения целинных залежных земель совхоз награжден орденом «Дружбы народов».

В 1977 году в совхозе ввели в строй профилакторий с оборудованием для грязе- и физиолечения, и амбулаторию. В 1984 году построили ДК, в 1988 – детсад на 120 мест.

В годы реформ на базе Джамбульского совхоз была образована Ассоциации крестьянских хозяйств и ма-





был кеңшары негізінде шаруа қожалықтары мен шағын кәсіпорындар Қауымдастығы құрылды. Оның құрамына «Алмаз» ш/қ (басшысы Гейко Геннадий Николаевич), «Икар» ш/қ (басшысы Бабушкин Виталий Александрович), «Кристалл» ш/қ (басшысы Топчий Николай Федорович), «Восток» ш/қ (басшысы Довгаль Анатолий Николаевич), «Самал» ш/қ (басшысы Кравчук Владимир Сергеевич), «Ақжол» ш/қ ( басшысы Борпұлов Әміржан Сапарұлы), шағын кәсіпорындар «Капелька» ( жетекшісі Подрезова Ирина), «Лада» (жетекшісі Игнатьев Василий Иванович), «Ритм» ( жетекшісі Деткин Михаил), «Строитель» (жетекшісі Досов Кәкімжан Мұамедьярұлы), «Импульс» (жетекшісі Сухой Александр Михайлович), Зоненко атындағы агрофирма (төрағасы Владимир Григорьевич Собко) және «Арман» ЖШС кірді.

Жамбыл ауылдық округінде қазіргі таңда үш ЖШС, 120 шаруа қожалығы, негізгі мектеп (педагогикалық ұжымы 15 ұстаздан тұрады), 25 сәбиге арналған шағын балалар орталығы, медициналық пункт, пошта байланысы торабы, екі сауда орыны жұмыс істейді. Округта 580 адам тұрады. Олардың 70 -і зейнеткерлер.

Округтың жалпы жер аумағы 32 000 гектар құрайды, оның 28 000 гектары – егістік жер.

лых предприятий. В нее вошли к\х «Алмаз» (глава Гейко Геннадий Николаевич), к\х «Икар» (глава Бабушкин Виталий Александрович), к\х «Кристалл» (глава Топчий Николай Федорович), к\х «Восток» (глава Довгаль Анатолий Николаевич), к\х «Самал» (глава Кравчук Владимир Сергеевич), к\х «Акжол» (глава Борпулов Амиржан Сапарович), к/х «Магнат» (глава Талах Валентин Федорович), малые предприятия «Капелька» (руководитель Подрезова Ирина), «Лада» (руководитель Игнатьев Василий Иванович), «Ритм» (руководитель Деткин Михаил), «Строитель» (руководитель Досов Какимжан Мухамедьярович), «Импульс» (руководитель Сухой Александр Михайлович), Агрофирма им. Зоненко (председатель Владимир Григорьевич Собко) и ТОО «Арман».

В Жамбылском сельском округе работают ныне три ТОО, 120 крестьянских хозяйства, основная школа (педагогический персонал из 15 учителей), миницентр на 25 детей, медицинский пункт, узел почтовой связи, две торговые точки. В округе проживают 580 человек. Из них 70 пенсионеров.

Общая земельная площадь округа составляет 32 000 га, из них пашни 28 000 га.













# ВОСТОЧНЫЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГЫ

# ВОСТОЧНЫЙ СЕЛЬСКИЙ ОКРУГ

XIX ғасырдың 1870 –1880 жылдарында пайда болған Алықпаш ауылы аудан аумағындағы ең ежелгі елді мекендердің бірі. Ол Алықпаш деген байдың атымен байланысты осылай аталған. Бұл елді мекеннің тағдыры өте күрделі.

1914 жылы ауыл түгі қалмай, өртеніп кеткен. Өрт орынына құрылыс салғысы келмеген тұрғындар, оны қайта тұрғызғанда, бұрынғы тұрағынан батысқа қарай үш шақырым ығыстырып салады. Алайда, арада екі жыл өткенде, қатты су тасқыны болып, ауыл су астында қалады. Сондықтан, табиғаттың талай тәлкегін басынан өткерсе де, мойымаған ауылдың қазіргі тұрған орыны - үшінші қонысы.

Кеңес заманында, «Қарасу» кеңшары құрылғаннан кейін Алықпаш ауылы осы шаруашылықтың екінші бөлімшесі болды. Ұлы Отан соғысы жылдары Алықпаштан қан майданға 40 шақты адам аттанды. Олардың көпшілігі туған шаңыраққа қайтып оралған жоқ. Тың жерлерді игеру жұмыстары басталғанда, Алықпаш қарқынды дамуға ие болды. Жыл сайын жұмысшыларға жаңа пәтерлер беріліп тұрды, клуб, балалар бақшасы, 8 жылдық мектеп салынды. Кентте 100 отбасы өмір сүрді.

Алайда 1990 жылдан кент тұрғындарының саны қайта қысқара бастады.

Түнтұғыр ауылы 1950 жылдың наурыз айында « Қарасу» кеңшарының жерінде құрылды. 1957 жылдың мамыр айында оған «Ясное утро» ұжымшарының жері қосылып, «Түнтұғыр» ет кеңшары құрылды. Оның алғашқы директоры Владимир Петрович Скобцов болды.

Ауылдың байырғы тұрғындарының бірі - Надежда Андреевна Литвинова 1936 жылғы тамыздың 22 -де туған. Брест облысындағы балалар үйі берген деректерге сәйкес, ол 1945 – 1950 жылдары Косов және Малорит балалар үйлерінде тәрбиеленген. 1954-жылғы наурыздың 18 - де берілген тағы бір мұрағаттық анықтамада: Н.А. Литвинова (Сенюк ) Қостанай облысы Қарасу ауданының Қарасу кеңшарына тракторшы ретінде тың және тыңайған жерлерді игеру үшін жолданды, - делінген.

Қазір ол екі бала тәрбиелеп өсірген асыл ана.

- Жолдың қаншалықты қиын болғанын, Қойбағар стансасына қалай жеткенімізді айтпай-ақ қояйын, - деп еске алады Надежда Андреевна. - Ол кезде

Село Алыкпаш одно из самых старых на территории района, возникло оно в 1870 -1880 годах XIX века. Его название связано с именем бая по имени Алыкпаш. У этого поселения сложная судьба.

В 1914 году аул сгорел дотла. Его отстроили тремя километрами западнее. Через два года во время наводнения аул был затоплен. Пришлось построить новое поселение на нынешнем месте.

В новые времена с образованием совхоза «Карасуский» село Алыкпаш стало вторым отделением хозяйства. В годы Великой Отечественной войны из Алыкпаша на фронт ушло около 40 человек. Большинство из них не вернулось к родному порогу. С началом освоения целины Алыкпаш стал бурно застраиваться. Ежегодно сдавались новые квартиры для рабочих, были построены клуб, детский сад, 8-летняя школа. В поселке насчитывалось более 100 дворов.

С 1990 года население поселка сокращалось.

Село Тюнтюгур образовано в марте 1950 года на землях совхоза «Карасуский». В мае 1957 года к нему присоединились земли колхоза «Ясное утро» и был создан мясосовхоз «Тюнтюгурский». Первым его директор совхоз был Владимир Петрович Скобцов.

Одна из старожилов села - Надежда Андреевна Литвинова. Родилась она 22 августа 1936 года. Согласно списков воспитанников детских домов Брестской области, она с 1945 по 1950 год воспитывалась в Косовском и Малоритском детском доме. Еще одна архивная справка от 18 марта 1954 года: Н.А. Литвинова (Сенюк ) направлена на освоение целинных и залежных земель в Кустанайской области, Карасуский район, Карасуский совхоз в качестве тракториста.

Награждена медалью материнства № 562036, воспитала двоих детей.

- Не буду описывать, как мы ехали, как добрались до станции Койбагор, - вспоминает Надежда Андреевна. - Там тогда и в помине не было никакого железнодорожного вокзала, стоял возле железнодорожного полотна один вагончик. Вот и все. Нас, приезжих, распределили по землянкам. Сильный стоял мороз, снегу было много, вход в землянку напоминал туннель. На утро приехал трактор ХТЗ с вагончиком на волокуше. Тракторист был Давыд Яковлевич Гаупт. Долго тащились через заснеженную степь в Тюнтюгурский совхоз. Все удивлялась безмерным просторам – таких в Беларуси нет.

мұнда темір жол вокзалы деген атымен жоқ еді, темір жолдың жиегінде бір вагонше тұратын. Бар болғаны сол ғана. Бізді, яғни жаңа келгендерді жертөлелерге орналастырды. Қақаған аяз, қар қалың, жертөлеге кірудің өзі үлкен жұмыс. Таңертең вагонше тіркеген ХТЗ тракторы келді. Тракторшының аты жөні Давыд Яковлевич Гаупт болатын. Қар басқан иен даламен Түнтұғыр кеңшарына дейін өте ұзақ жүрдік. Туып-өскен Белоруссияда мұндайды көрмеген біздің бәрімізді көкжиегіне көз жетпейтін дархан дала таң қалдырды. Сол кезде мен шаруашылықтың аты жергілікті көлдің атымен Түнтұғыр аталғанын естідім. Алайда мен ол жолы өзімнің қалған бүкіл өмірімді осы көлдің жағасында өткіземін, - деп мүлде ойлаған да емес едім. Алғашқы директорларымыз да мәңгі есімде сақталып қалыпты. Владимир Петрович Скобцов 1956 жылға дейін еңбек етті. Кейін Ресейге көшіп кетті. Оның орынына шаруашылық басшысы болып Әлихан Шәріпұлы Төлебаев келді.

Надежда ешқандай жұмыстан бас тартпады, өзіне тапсырылған кез-келген жұмысты ыждағаттылықпен атқарды. Қара жұмыс та істеді, мал да бақты, сиыр да сауды, күніне 4 дүнгірден сүт өткізіп жүрді. Кеңшар ол кезде шығынды болатын. Оның орталығы Сүйегенсай кентінен Түнтұғыр кентіне Төлеген Байғожаұлы Көппаев директор болып тұған тұста көшірілді. Сол кезде үлкен құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілді: тұрғын үйлер, мектептер, балалар бақшалары, асхана, әкімшілік ғимараттар, базалар, жем-шөп қоймалары салынды. Бір сөзбен айтқанда, кеңшарды аяғында мығым тұрған мықты шаруашылық қатарына қосқан нысандардың бәрі сол кезде бой көтерді. Тұрғындар тұрмысы түзеліп, шаруашылық мал мен астық өнімдерін көптеп өндіретін болды. Іскерлік қабылеті мен қол жеткізген биік табыстары арқасында Т.Б. Көппаев басшылар назарына ілігіп, көп ұзамай ол жоғары қызметке ұсынылды. Жаңа директор Владимир Иванович Мельников құрылысты дамытуды жалғастырды. Он Қозыбай кенті мен кеңшардың орталығын біріктіргісі келді. Алайда ойлағанын жүзеге асырып үлгермеді - 1983 жылы өмірден озды. Онан соң «Түнтұғыр» кеңшарын үш жыл Көшеғұлов Асылхан Үмітбайұлы басқарды. Сосын кеңшар Агрофирма (директоры Хасенов Авдавлет Салтобулдинович ) болып қайта құрылды.

Бүгінгі таңда кентте 37 отбасы, небәрі 157 адам тұрады.

- Мен жақын уақытта біздің кентіміз қайтадан қалпына келіп, шаруашылықтың қайта жандануы туралы армандаймын, - дейді Надежда Андреевна. – Өйткені біздің жеріміз өте әсем, ал Түнтұғыр көлінің көркіне көзің тоймайды!

Тогда узнала, что хозяйство называется так по имени местного озера Тюнтюгур. И представить себе не могла, что на его берегу пройдет вся моя жизнь. Навсегда запомнила и первых своих директоров. Владимир Петрович Скобцов работал до 1956 года. Он уехал в Россию. Его сменил Алихан Шарипович Тулебаев.

Надежда не чуралась никакого дела, охотно бралась за все, что ей поручалось. Работала разнорабочей, посла скот, доила коров, ежедневно по 4 фляги молока сдавала. Совхоз в то время был убыточным. Начали переносить центральную усадьбу из поселка Суейгенсай в поселок Тюнтюгур при директоре Тулегене Байгужиевиче Куппаеве. Тогда развернулось большое строительство: возводили жилые дома, школы, детские сады, столовую, административные здания, базы, силосные ямы. Слово, все, что делало хозяйство хозяйством. Совхоз мало помалу становился на ноги, креп, производил все больше животноводческой продукции, зерна. Деловые качества Т.Б. Куппаева были замечены, ему были поручены большие должности. Новый директор Владимир Иванович Мельников продолжал развивать строительство. Он хотел соединить поселок Козубай с центральной усадьбой совхоза. Не довелось - умер в 1983 году. После него три года директором «Тюнтюгурского» был



Асылхан Умутбаевич Кущегулов. Потом совхоз преобразовали в Агрофирму (директором был Хасенов Авдавлет Салтобулдинович).

Сегодня в посёлке живут 37 семей, 157 человек.

-Я мечтаю о том, что вскоре наш поселок вновь по-настоящему оживет, - говорит Надежда Андреевна. – Ведь места у нас вон какие хорошие, одно озеро Тюнтюгур чего стоит!



# ТАБЫС ТАЛАПТЫНЫ ТАҢДАЙДЫ

# УСПЕХ ПРИХОДИТ К ДЕЯТЕЛЬНЫМ

*Виталий Александрович Бабушкин 1953 жылдың қаңтар айында Орал тауы маңында туған. Тың өңіріне көшіп келгенде бес жаста болатын. Ата- атасы Александр Васильевич пен Ольга Антоновна мұнда 1958 жылы келді. Алдымен Ленин, к онан соң – Жамбыл кеңшарларында істеді. . Әкесі дәнекерші, анасы сауыншы болды.*

*Жамбыл мектебін бітірді. 1983 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының механика факультетін тәмамдады.*

*1992 жылдан – «Икар» шаруа қожалығының басшысы*

*Виталий Александрович Бабушкин родился в январе 1953 года на Урале. Целинником стал в пять лет. Родители Александр Васильевич и Ольга Антоновна приехали в эти края в 1958 году. Работали сначала в Ленинском, потом – в Джамбулском совхозе. Отец сварщиком, мать дояркой.*

*Окончил Джамбулскую школу. В 1983 году – мехфак Целиноградского сельскохозяйственного института.*

*С 1992 года – руководитель крестьянского хозяйства «Икар».*

- Небір ауырпалықтар мен қуаныштарға толы бүкіл өмірім осы жерде өтті, сондықтан бұл өңірді өзімнің туған жерім санаймын, - дейді Виталий Александрович. – Ең қиын кездері, тоқсаныншы жылдардың ортасында бәрі маған: бұл жердің күні қараң болады, болашағы жоқ, бұл жерден кету керек, - дегендері есімде. Ал мен ол әңгімелерді қоштамадым, бәрін қайтадан қалпына келтіруге болатынына шын сендім, әлі сенемін де. Біздің жомарт жеріміз жасаған жақсылығына еселеп жауап беретініне, өзіміздің ата - анамыз бастаған іс ешқашан аяқсыз қалмайтынына сендім. Өйткені сонау елуінші жалдары қиындық дегенің қазіргіден әлдеқайда көп еді ғой. Оның үстіне «өз жерің» деген ұғым енді тек құр ұран емес, қазір жердің қожайыны іс

- Жизнь здесь пролетела со всеми ее радостями и горестями, поэтому и считаю эту землю родной, - говорит Виталий Александрович. – Помню, в самые трудные времена, в середине девяностых, убеждали меня: все здесь прахом пойдет, нет перспектив, уезжать надо отсюда. А я эти разговоры не поддерживал, искренне верил и верю, что все можно наладить, что отзывчива наша земля на заботу, что не может кончиться то, что родители наши начали, что они сделали. Ведь тогда, в пятидесятых, проблем была куда как больше. Да и пропал лозунговый налет в словах «твоя земля». Она теперь в буквальном смысле твоя. Владей, хозяйствуй, вкладывайся, получай – главное теперь это.



По мнению Виталия Александровича, сельхозтоваропроизводители стали больше думать о повышении производительности, отдаче гектара. Посевные кампании проводятся с соблюдением всех технологий, обязательно используются удобрения. Сев ведется преимущественно с соблюдением так называемой минимальной технологии. Смысл старой поговорки о том, что посеешь, то и пожнешь, никто не отменял.

- Раньше, бывало, не все и не всегда обращали внимание на технологии, - рассуждает Виталий Александрович. – Сейчас все серьезнее стали относиться к этому: покупают технику, проводят химическую обработку, вносят удобрения, сеют по классической и минимальной технологиям. Смело работают на займах, беря кредиты на посевную и уборочную кампании. На базе распавшегося Джамбулского совхоза мы образовали одну из первых в Карасуском районе Ассоциацию крестьянских хозяйств и малых предприятий. Сообща решаем многие стратегические вопросы. Да и по тактике советуемся. Хотя тут – каждый за себя, каждый на собственное отношение к делу рассчитывает.

Когда начинал в 1992 году, работало в хозяйстве Бабушкина 17 человек, в наличии было 10 стареньких комбайнов, такие же сеялки. И 4900 гектаров земли. Теперь парк сельскохозяйственной техники значитель-

жүзінде өзіңсің. Иелік ет, қожайын бол, барыңды сал да, бергенін ал – ендігі кезде ең бастысы осы.

Виталий Александровичтың пікірінше, ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілер өнімділікті арттыру туралы, әр гектардан түсетін астық көлемін ұлғайту туралы көп ойлайтын болды. Егіс науқандары енді барлық технологияларды сақтап арқылы жүргізіледі, міндетті түрде тыңайтқыш пайдаланылады. Тұқым себу негізінен минималды технология қолдану жолымен жүзеге асырылады. Ата - бабамыз айтып кеткен: «Не ексең - соны орасың», - деген мәтел қазір өзінің өміршеңдігін көрсетуде.

- Бұрын кейбір шаруашылықтардың жаңа технологияларға аса мән бермегені рас, - дейді Виталий Александрович. – Қазір барлығы да бұл мәселеге басқаша қарай бастады: техника сатып алады, химиялық өңдеу жасайды, тыңайтқыш қолданады, тұқымды классикалық



және минималдық технологиялар бойынша себеді. Қарыз алуға да жүрексінбейтін, тұқым себу және астық жинау наукандары кезінде банктерден несие алады. Қыскарып кеткен Жамбыл кеңшары негізінде біз Қарасу ауданындағы алғашқылардың бірі болып Шаруа қожалықтары мен шағын кәсіпорындар қауымдастығын құрдық. Енді көптеген стратегиялық мәселелерді бірлесе шешеміз. Тактика жағынан да кеңесіп отырамыз. Дей тұрғанмен мұнда әркім өзі үшін, өзінің іске қалай қарайтынына, қалай еңбек ететініне арқа сүйейді. 1992 жылы істі енді бастағанда Бабушкиннің шаруашылығында 17 адам еңбек ететін, қарамағында 10 ескі комбайн, дәл сондай ескі тұқым сепкіштер болды. Және 4900 гектар жері бар еді. Ал қазір ауылшаруашылығы техникасы паркы айтарлықтай жаңартылған. Егістік жердің көлемі 7200 гектарға дейін ұлғайды. Астық егістігі 2009 жылы 6200 гектар құрады. Соңғы жылдары егістік өнімділігі де едәуір өсті. 2007 жылы ол гектарынан 16,6 центнер, 2008 жылы – 14 центнер құрады. «Егер орта есеппен алар болсақ, біз 14 центнерден төмен өнім жинап көрген емеспіз»,- дейді Виталий Александрович. Ұжым мүшелері де сенімді адамдар. Алғашқы күннен бастап шаруашылықта жүргізуші Халил Хуснутдинов, механизаторлар Сергей Ткаченко, Михаил Муха мен Михаил Громыхалолар еңбек етеді.

Басты көмекшісі – ұлы Роман. Ол да әкесі оқыған институттың сол факультетін бітірді. Жанында жүріп, өзінің өндіріс жөніндегі орынбасары болып істейді. Зайыбы Валентина Ивановна – шаруа қожалығының бас бухгалтері.





но обновлен. Площадь земельных угодий выросла до 7200 гектаров. Зерновой клин в 2009 году составил 6200 гектаров. Урожайность в последние годы тоже подросла. В 2007 году она составила 16,6 центнеров с гектара, в 2008 – 14 центнеров. «Если в среднем брать, то меньше 14 центнеров с гектара мы не получали»,- утверждает Виталий Александрович. Коллектив подобрался надежный. С первых дней работают в хозяйстве водитель Халил Хуснутдинов, механизаторы Сергей Ткаченко, Михаил Муха и Михаил Громыхало.

Первый помощник – сын Роман. Он тот же факультет того же института, что и отец, окончил. Работает рядом, заместителем по производству. Жена Валентина Ивановна – главный бухгалтер крестьянского хозяйства.

Когда заговорили о том, где, на каком фоне сделать портрет, Виталий Александрович не задумывался: поехали к школе. Она нынче приличнее других Жамбылских зданий выглядит. В этой школе Бабушкин когда-то учился. В пору безвременья она обветшала. В 2008 году на ремонт родной школы Виталий Александрович выделил 5,5 миллиона тенге.

- На это денег не жалко, - говорит Виталий Александрович. - Пусть сегодняшние дети в приличных условиях учатся. Мечтаю отремонтировать, восстановить наш некогда замечательный Дом культуры. Хотя бы для начала одно крыло. Сделать все современно, стильно, чтобы молодежи было где время свободное проводить.

Раз задумал, значит сделает.

Портретті қай жерде, ненің тұсында түсіру туралы әңгіме қозғалғанда, Виталий Александрович көп ойланып жатқан жоқ: мектепке кеттік, - деді. Ол қазір Жамбылдың басқа ғимараттарынан әлдеқайда сәнді көрінеді. Бұл мектепте бір кездері Бабушкиннің өзі оқыған. Дағдарыс кезінде ол әбден тозып кеткен еді. 2008 жылы өзінің білім ордасын жөндеуге Виталий Александрович 5,5 миллион теңге бөлді.

- Бұған ақша аямаймын, - дейді Виталий Александрович. – Бүгінгі күннің балалары жақсы жағдайда оқуға тиіс. Бір кездері гүлденіп тұған Мәдениет үйіміздің жөндеп, қайта қалпына келтіруді армандаймын. Тым болмаса алғашқы кезде бір қанатын жаңартсам деймін. Жастар бос уақытын өткізетін орын болуы үшін бәрін қазіргі заман талабына сай, сәнді етіп жасағым келеді.

Бұл жігіт ойына алғанын міндетті түрде жүзеге асырады





# ИЛЬИЧЕВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГЫ

# ИЛЬИЧЕВСКИЙ СЕЛЬСКИЙ ОКРУГ

Қарасу ауданы орталығынан Қостанай бағытына жол тартқан жолаушы, қырқыншы шақырымда Комсомольское селосын кезіктіреді. Бір қарағанда ол қарапайым ғана село, алайда байқампаз адамның назарынан оның жасыл желек жамылған көшелері, асфаль төселген жолдары, кез- келген қонақты құшақ жая қарсы алатын ақ көңіл тұрындарының жып- жинақы үйлері мен мұнтаздай таза аулалары тыс қалмайды. Осыдан алыпс бес жыл бұрын бұл жердің байырғы тұрғындары да алғашқы тың игерушілерді осындай қонақжайлықпаен қарсы алған болатын.

Баяғы бір заманда осы өңірде бір бойжеткен суға кетіп қаза болыпты, сондықтан бұл жер Қызкеткен атанады. Ауыл ол кезде тым шағын болатын, бірақ 1954 жылы мемлекеттік жер қорына қарасты орында кеңшар құрылып, оның орталығы Қызкеткен ауылына таяу жерде орналасты. Кеңшарды сол кездегі ең маңызды да. құрметті ат - Ильич атындағы деп атады. Мұнда тың көтеруге ниет білдірген алғашқы еріктілер тиеген эшалондар ағыла бастады. Комсомол жолдамасымен кеңшарға ерлі - зайыпты Григоренколар мен жас комсомол мүшелері Любарская М.К., Бедя З.А., Фроленко (Шляховая) Т.Н., Пугин А.К., Кончук С.А. және басқалар келді. Алыс Қытайдан ол елге сонау аласапыран жылдары қоныс аударған Кокухиндар, Макаровтар, Ерохиндар, Ивановтар отбасылары келді. Алғашқы кезде оларға қазақ даласының аязды қысы мен аптапты жазына үйреніп кету онай болмады. Алайда бұл қиындықтарды жеңуге жаңа қоныстанушыларды қонақжайлықпен қарсы алып, барымен бөліскен жергілікті тұрғындар - Ильясов А.И., Қуанышев Ж.Н., Қазанов Г.А., Кошлич М.Д., Әбдібеков Ж., Трапезников-тер В.И. отбасыларының қолдауы көмектесті. Адамдар бір –біріне тез үйреніп, бауыр басып кетті. Кеңшардың басқа тұрғындарымен бірге оның тұңғыш директоры Попов Иван Игнатьевич та алғашқы қиындықтарды еңсеру жолында аянбай еңбек етті. Сол 1954 жылы сегіз жылдық мектеп ашылды. Оқу процессін ұйымдастыру жұмысының барлық жауапкершілігін мектептің алғашқы директоры Любарская Мария Кондратьевна өз мойнына алды. Осы бір рухы күшті, өз ісіне жан-тәнімен берілген ұлағатты ұстазды алғышқы тың көтерушілердің балалары әлі күнге дейін зор құрметпен еске алады. Ол өз шәкірттері жүрегінде жерге туған деген сүйіспеншілік, дихандардың қиын да құрметті еңбегіне деген адалдық сезімін тәрбиелей білді. Онымен бірге тың өлкеге мұғалімдер Булычёва (Сергеева) Евгения Фёдоровна мен Амбросимова Анна

Если ехать от районного центра Карасу в сторону Костаная, то на сороковом километре путешественник увидит село Комсомольское. На первый взгляд, обычное, но неравнодушный человек отметит и большое количество зелени, и асфальтированные улицы, и аккуратные дворики селян, встречающих каждого с чистой душой и гостеприимством, с которым когда-то первоцелинников встречали уроженцы здешних мест.

Когда-то, давным-давно утонула девушка в местном пруду и отсюда пошло название Кызкеткен, что означает «девушка ушла». Сельцо было маленьким, но в 1954 году на землях госземфонда решено было организовать совхоз, центральная усадьба которого разместилась рядом с селом Кызкеткен. Совхоз назвали значимым тогда именем - именем Ильича. И пошли на целину первые эшелоны с добровольцами. По комсомольским путевкам приехали супруги Григоренко и молодые комсомольцы Любарская М.К., Бедя З.А., Фроленко (Шляховая) Т.Н., Пугин А.К., Кончук С.А. и многие другие. Приехали из далекого Китая семьи Кокухиных, Макаровых, Ерохиных, Ивановых, уезжавшие когда-то за границу в «смутные» времена. Сначала было тяжело - встретил Казахстан непривычными холодами зимой, а летом оглушающей жарой. Скрасил все теплый прием местных жителей - семей Ильясова А.И., Куанышева Ж.Н., Казанова Г.А., Кошлич М.Д., Абдибекова Ж., Трапезникова В.И. - всех встретили, разместили. Люди начали притираться друг к другу. Вместе со всеми – первый директор совхоза Попов Иван Игнатьевич. Сразу же, в 1954 году основали восьмилетнюю школу. Вся тяжесть организации учебного процесса легла на плечи Любарской Марии Кондратьевны, первого директора школы. Надо отдать должное этой сильной женщине, которую до сих пор помнят и любят дети первоцелинников - она сумела воспитать в них преданность земле, верность хлеборобскому долгу. Вместе с ней на целину приехали учителя Булычёва (Сергеева) Евгения Фёдоровна и Амбросимова Анна Михайловна.

Земля щедро откликнулась на заботу. Уже в 1958 году механизаторы Шмидт А.В., Лоренц А.А., Куаны-

Михайловна да келген.

Жер-ана өзін күтіп баптаған адамдардың адал еңбегін жоғары бағалап, жомарттық танытты. 1958 жылы-ақ механизаторлар Шмидт А.В., Лоренц А.А., Қуанышев Ж.Н., Герберзагин Я.Я. астық жинауда биік көрсеткіштерге қол жеткізді.

Бұл кезде кеңшардың өз жөндеу шеберханасы, № 1 және № 2 бөлімшелердегі фермалары болды. Озат сауыншылар Н.Н. Родичева мен Э..И Бергтің атақ –даңқы бүкіл елге тарап кетті. 1969 жылы Надежда Николаевна Родичева аудан тарихында тұңғыш рет әр сиырдан 4098 литрден сүт сауды. 1971 жылға қарай Эльвира Иоганновна Берг өзі еңбек еткен жылдары сауған сүт мөлшерін 500 мың литрге жеткізді.

Егіс науқаны қызған кездері күндіз- түні тынбай еңбек ететін дихандар бос уақытын көңілді өткізіп, жақсы тынығуы үшін 1967 жылы Мәдениет үйі салынды. Жұмыстан соң ауылдың жасы да, кәрісі де осында бас қосып, кино-концерттер көретін, кең залда дөңгелене билеп, көңіл көтеретін. Жылдар өткен сайын ауыл да өсе берді. Жас отбасыларға арнап жаңа да, жайлы үйлер салынды. 1978 жылы кеңшар орталығында 380 орындық орта мектеп пайдалануға берілді. Аянбай еңбек ете жүріп, кеңшар директоры Вечеря Владимир Анатольевич шаруашылықты кеңейтіп, адамдарды ортақ іске бір кісідей жұмылдыра білді.

80- жылдардың соңына қарай жоғары үкіметтік марапаттарға ие болып, омырауларына орден-медальдар таққан, жерлестерінің мақтанышына айналған ильичевтіктер қатарында Фурса Н.И., Перепелица П.Ф., Андреев Н.М., Вотчель А.А., Берг Э.И., Тихоход С.И., Ламмерт И.И. болды. Ал Капарчука П.А., Золотарева Н.Г., Ерохина А.Е., Ламмерта К.И., Ефименко И.В., Сипкиной В.П., Тидиной В.П., Каратаевой Т. Ш. суреттері ол кездері адал еңбек нәтижесінің айқын айнасы болған Құрмет тақтасынан түспейтін.

80- жылдардың соңына қарай директор Парсюк Михаил Васильевич ауылдың әрбір көшесіне асфальт төселіп, электр жарығы жанып тұруы, әрбір үйде орталықтандырылған жылу жүйесі мен су құбыры болуы үшін барлық күш -жігерін жұмсады.

Ильичёвтіктер реформалар тұсында да, тек ауыл атын Комсомольское деп өзгерткені болмаса, қол қусырып, қарап отырған жоқ. Бұрынғы кеңшар негізінде жаңа шаруашылық құрды. Қазіргі кезде «Бидай-К» ЖШС деп аталатын бұл құрылымды С.З.Зиядин басқарады. Одан басқа да астық өсіру ісінде мол тәжірибеге ие, туған жерге деген сүйіспеншілігі зор адамдар басқаратын бірнеше шаруа қожалықтарын құрды. Бүгінгі жағдайда да олар табысты еңбек етіп, жомарт жерден мол астық жинап жүр. Туған ауылына көмектесуді де ұмытпайды. Соңғы кездері жастар да, қалада жоғары білім алған соң, туған жерге қайта оралып, шаңырақ көтеріп, ел игілігі үшін еңбек ететін болды.

шев Ж.Н., Герберзагин Я.Я. получили высокие урожаи зерновых.

В совхозе уже имелась своя ремонтная мастерская, фермы на отделениях № 1 и № 2. Далеко за пределами совхоза стали известны доярки хозяйства Родичева Н.Н. и Берг Э.И. В 1969 году Надежда Николаевна Родичева впервые за всю историю существования района надоила от каждой коровы 4098 литров молока. К 1971 году Эльвира Иоганновна Берг за свои трудовые годы надоила около 500 тысяч литров молока.

Без хорошего отдыха какая же работа? И в этом помогал построенный в 1967 году Дом культуры. После работы шли сюда стар и млад, смотрели фильмы и концерты в уютном зрительном зале, танцевали в просторном фойе. Шло время - село росло. Строились дома для молодых семей. В 1978 году на центральной усадьбе была построена средняя школа на 380 мест. Работая на износ, директор совхоза Вечеря Владимир Анатольевич сумел расширить хозяйство, сплотить людей.

К концу 80-ых было чем и кем гордиться ильичевцам! Вот они, односельчане орденоносцы: Фурса Н.И., Перепелица П.Ф., Андреев Н.М., Вотчель А.А., Берг Э.И., Тихоход С.И., Ламмерт И.И. Доска Почета в те времена - как отражение результата твоей работы. С гордостью рассматривали на ней фотографии Капарчука П.А., Золотарева Н.Г., Ерохина А.Е., Ламмерта К.И., Ефименко И.В., Сипкиной В.П., Тидиной В.П., Каратаевой Т. Ш.

К концу 80-ых годов директор Парсюк Михаил Васильевич приложил огромные усилия к тому, чтобы на каждой, пусть самой маленькой улочке было асфальтовое покрытие, электрическое освещение, в каждом доме централизованное паровое отопление, летний водопровод.

И в пору реформ не растерялись ильичёвцы, хоть и сменили название села на новое - село Комсомольское. Видимо, остался тот ещё, комсомольский молодой задор в людях, что строить и жить помогает. Организовали в селе на базе бывшего совхоза новое хозяйство, что ныне носит название ТОО «Бидай-К» (директор С.З.Зиядин), а также несколько крестьянских хозяйств, которые возглавили люди с хлеборобской жилкой и любовью к родной земле. В новых условиях хозяйствуют успешно, снимают с щедрых нив богатые урожаи. Не забывают и селу помогать. Возвращается молодёжь после учебы в родные места, работает, создает новые семьи.



# АРМЫСЫЗДАР, АРДАГЕР АҚСАҚАЛДАР!

# ВЕТЕРАНЫ НЕ СТАРЕЮТ ТОЛЬКО ДУШОЙ

*Гурий Осипович Шуркин 1934 жылғы қазанның 4-інде Чувашияда туған. 1956 жылы Қазан ауылшаруашылық институтын бітірді, агроном. Жолдамамен Амангельді кеңшарына келді. 1961 жылы оның бас агрономы болып тағайындалды.*

*1977- 1985 жылдары – Қарасу аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып істеді. Кейін партиялық комиссия төрағасы болды.*

*Қарасу ауылы Ардагерлер кеңесінің Төрағасы.*

*Гурий Осипович Шуркин родился 4 октября 1934 года в Чувашии. В 1956 году окончил Казанский сельскохозяйственный институт, агроном. Распределен был в Амангельдинский совхоз. В 1961 году стал его главным агрономом.*

*С 1977 по 1985 год – заведующий отделом сельского хозяйства Карасуского райкома партии. Потом председатель партийной комиссии.*

*Председатель Совета ветеранов села Карасу.*

- 1956 жылы институтты бірге бітіріп, осында 17 жігіт келген едік. Солардың ішінен осы өңірді жерсініп, тұрақтап қалған жалғыз менмін, - деп еске алады Гурий Осипович. – Еңбек жолымды Амангелді кеңшарының алтыншы бөлімшесінде агроном болып бастадым. Қиындық көп болды. Тұрмыс жағдайының қаншалықты күрделі болғанын қазір сөзбен айтып жеткізу оңай емес. Бүгінгі жастар ол кездегі вагоншелердің өзі біз үшін хан сарайындай болғанына сенбес еді. Алайда біз біртіндеп тұрмысты түзеп, өндірісті өрбіте бастадық. Осы өңірде, Зеленовкада, мен өзімнің зайыбым Любовь Степановнамен таныстым. Ол бухгалтер,

Нас в 1956 году после института было 17 ребят, которые вместе со мной сюда приехали. Один я остался, прижился, - вспоминает Гурий Осипович. - Начинал агрономом шестого отделения Амангельдинского. Трудно было. Плохо, неустроенно – ничего этим не сказать. Сегодняшние ребята не поверили бы, вагончик – это уже роскошь по тем временам. Мало помалу обустроили и быт, и производство. Здесь, в Зеленовке, нашел свою супругу, Любовь Степановну. Она работала бухгалтером, главным экономистом. На работу в райком шел без большого желания. Во-первых, дело свое любил, получалось, не хотел его бросать. Горжусь, что назвали меня

бас экономист болып істеді. Ал өзім аудандық комитетке ауыстырғанда, онша қуана қойған жоқпын. Біріншіден, өз кәсібімді жақсы білетінмін, бәрі қолыман келетін, сондықтан одан айырылғам келмеді. Ауданның үздік агрономдары қатарында атым аталғанын мақтаныш тұтамын. Екіншіден, кеңшардың табиғаты тамаша, айнала – алтын бидай, жасыл шөп, көздің жауын алатын алқызыл гүлдер... Ал Қарасу ол кезде – сирек теректері аңызақтан қурап тұрған, шөл дала болатын.


ПРОЛЕТАРИИ ВСЕХ СТРАН, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

КССР

ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

Товарищ Шуркин
Гурий Осипович

За высокие показатели во Всесоюзном социалистическом соревновании, увеличении производства и продажи государству продуктов земледелия в 1973 году Президиум Верховного Совета Казахской ССР Указом от 18 января 1974 года наградил Вас Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР.



Ол кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қасымбек Бухметұлы Бухметов болды. Көп ұзамай мен оның өз сөзімен айтқанда, оң қолы болып алдым. Шаруа бастан асатын. 11 мың гектар егістік. 13 кеңшар және ол кезде үлкен село болған Святогоркадағы бордақылау орыны, Аудандық ауылшаруашылық техникасы басқармасы, аоты астық кабылдау бөлімдері мен Қойбағар стансасындағы элеватор. Оларға қоса үш автобаза тағы бар… Бір сөзбен күндіз-түні бір тыным жоқ. Шаруашылықтарды аралап та зыр жүгіресің, талдау жұмыстарымен де шұғылданасың, баяндама жазасың. Ол кезде түрлі деректер, мысалдар келтіре отырып баяндамаларды жазу қажеттігі жиі пайда болатын.

Ауданның үздік шаруашылығы Қарасу кеңшары бұл атаққа барлық жағынан лайық еді. Кәсіби біліктілігі аса жоғары, тамаша мамандар еңбек ететін үлгілі ауылдық кәсіпорын. Астық өнімділігі, малдың салмақ қосуы, құрылыс қарқыны – барлығы оларда өзгелерден көш ілгері болды. 1948 - 1965 жылдары кеңшарды өте ақылды, болашағы зор, іскер азамат Василий Федорович Рец басқарды. Ерен еңбегі үшін ол Ленин орденімен үш мәрте марапатталған. Кейінірек ол Жітіғара аудандық ауылшаруашылық басқармасының төрағасы болып тағайындалды, онан соң сол ауданның партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.

Құшмұрын кеңшары 1932 жылға дейін жұмыс істеді, аумағы ұлан- асыр аса мықты шаруашылық болатын. Кеңшар тарихы оның көп жылдық директоры Михаилом Алексеевич Брага есімімен тығыз байланысты. Ленин орденімен екі мәрте марапатталған, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Ключевой тың кеңшарын омбылық Владимир Ксенофонтович Снисаренко көтерді. Оның тұсында шаруашылық өркендеп, аса күйлі шаруашылыққа айналды. Кеңшар тұрғындары оны баурымалдығы, өздеріне деген әкелік

в числе лучших агрономов района. Во-вторых, в совхозе все золотое и зеленое, все цветет, а в Карасу той поры – пустыня, тополя засыхают…

Тогда первым секретарем райкома партии был Касымбек Бухметович Бухметов. Я скоро стал, как он сам говорил, его правой рукой. Поле забот было огромным. 511 тысяч гектаров пашни. 13 совхозов и откормочный пункт в Святогорке, тогда большом селе. Райсельхозтехника, шесть хлебоприемных пунктов и элеватор на станции Койбагор. Что еще? Три автобазы… Словом, забот хватало. И по хозяйствам мотался, и аналитикой занимался. Доклады писал – тогда без этого не обойтись было. Как водится, с цифрами и примерами.

Лучшим хозяйством района по праву назывался совхоз Карасуский. Образцовое сельское предприятие, с отличными кадрами специалистов. Урожаи, привесы, строительство – все у них лучшее. С 1948 по 1965 год возглавлял совхоз Василий Федорович Рец, умнейший и очень перспективный человек. Тремя орденами Ленина награжден за свои труды. Позже его назначили председателем Джетыгаринского райсельхозуправления, потом избрали первым секретарем тамошнего райкома партии.

Совхоз Кушмурунский существовал с 1932 года, был мощнейшим хозяйством с огромной территорией. Его история тесно связана с многолетним директором Михаилом Алексеевичем Брагой. Он награжден двумя орденами Ленина, был депутатом Верховного Совета Казахской ССР. Целинный совхоз Ключевой поднимал омич Владимир Ксенофонтович Снисаренко. При нем хозяйство расцвело, стало зажиточным. Батюшкой звали его люди за внимание к их нуждам. Организованный в 1958 году на базе четырех колхозов совхоз Ленинский много лет возглавлял Анатолий Александрович Винников. До самой смерти – на посту умер.





қамқорлығы үшін Отағасы атайтын. 195 жылы төрт ұжымшар негізінде құрылған Ленин кеңшарын көп жылдар бойы Анатолий Александрович Винников басқарды. Бұл қызметті ол ақыр деміне дейін атқарды.

1976 жылы Обаған кеңшары бай өнімді уақтылы жинап алмай, ысырап етті. Технологияны дұрыс қолданбауы себебінен, жиналған астық жаңбыр астында қалып, шіріп кеткен.

- Сол себепті кеңшарға жаңа директор ізделді, - дейді Гурий Осипович. – Мен аудандық ауылшаруашылық басқармасының қаржыгері Иван Павлович Резникке назар аудардым. Көп адамдар менің таңдауыма күмәнмен қарады: әлі өте жас, 1943 жылы туған, қолынан келер ме екен? - десті. Ал ол болса шаруаны демнің арасында игеріп алып, көп ұзамай көптеген тәжірибелі директорларға шаң қаптырып кетті. Агрономиялық қателіктерге жол бермей, обағандықтар енді бай өнімді тұрақты алып тұрды. Ең бастысы құрылыс жұмыстарын жандандырды. Ауылда дүкен, қыстық бағы мен спортзалы бар Мәдениет үйі пайда болды. Кеңшар орталығында салынған жаңа қазандық тұрғын үйлерді орталықтандырылған жүйе арқылы жылыта-

В 1976 году совхоз Убаганский провалил уборку богатого урожая – промахнулись здесь тогда с технологией, свалили хлеб в двойные валки. И не подняли из-за дождей.

-Тогда стали искать нового директора совхоза, - говорит Гурий Осипович. – Я обратил внимание на финансиста райсельхозуправления Ивана Павловича Резника. Многие сомневались: молод больно, 1943 года рождения. Справится ли? А он так развернулся, что вскоре многих опытных директоров за пояс заткнул. Агрономических ошибок не допускал, урожаи в Убаганском стали стабильными. Главное – стройку развернул. В селе появился и магазин, и Дом культуры с зимним садом и спортзалом. Новая головная котельная стала обеспечивать централизованное отопление на центральной усадьбе. Кормоцех заработал, молокозавод. Какие вкусные сыры делали! Все село было заасфальтировано. За десять лет успел Иван Павлович на диво много, и надорвался, заболел. Попросился в «отставку», уехал в Кустанай. Но память добрую оставил, вошел в ряд самых деятельных директоров совхозов.







тын болды. Жемшөп цехы, сүт зауыты жұмыс істей бастады. Ал олар жасаған ірімшіктің дәмі әлі аузымнен кетпейді! Ауыл көшелерінің бәріне асфальт төселді. Он жыл ішінде Иван Павлович басқаларды таң қалдырып, тынбай еңбек етті. Кейінірек науқастанып қалуына байланысты жұмыстан босатуын сұрап, Қостанайға көшіп кетті. Бірақ оның есімі обағандықтар жадында мәңгі сақталып қалды, ең мықты, іскер директорлар тізіміне енді. Және тек Қостанай облысы аумағында ғана емес, онан тыс жерлерге де белгілі болды.

Ауылдың Ардагерлер кеңесінің төрағасы өз әріптестері, партия қызметкерлерін де еске алды. Донбасстан келген білгір маман Михаил Федорович Борисенко ұжымшар төрағасы да, кеңшар директоры да болды, онан соң, қашан зейнетке шыққанға дейін Ленин кеңшарының партия комитетінің басқарды. Ленинградтың тумасы, блокаданы басынан өткерген Игорь Михайлович Побудей көп жылдар бойы Амангелді кеңшары парткомының хатшысы, Анна Григорьевна Черепухина – Ключевой кеңшары парткомының хатшысы болды. Олардың ұйымдастырушылық таланты, өзгелерге үлгі бола білуі, жерлестерінің қиындықтарды жеңіп, бір жағадан бас бір жеңнен қол шығара еңбек етуіне көмектесті. Қарасулықтардың жылы лебізіне аудан мектептерінің байырғы директорлары – Ефремцев Валентин Федорович ( Амангелді кеңшарының орта мектебі) мен Геннадий Васильевич Майоров (Қараман орта мектебі лайық жандар.

Ауданның басты ерекшеліктерінің бірі – отбасылық әулеттердің көптігі, деп санайды Г.О.Шуркин. Мысалы, Ұлы Отан соғысының ардагері, көп жылдар бойы Қарасу аудандық кеңшарлар тресінде бухгалтер болып істеген Жанәбіл Шайахметұлы Тұрсынов пен Зайтуна Уапқызы отбасында жеті ұлы бір қыз дүниеге келіп, тәрбиеленді. Олардың көпшілігі туған жерде еңбек етті, әлі де еңбек етуде. Азамат кеңшар директоры болды, он жыл аудандық әкімдікті басқарды, қазір Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты. Қуанышпек – «Қарасу нан» ЖШС бас директоры. Білімі бойынша құрылысшы Әзімхан отбасылық фирманың құрылыс бөлімін басқарады. Өмірден ерте озған Мұрат «Рамазан» ЖШС басқарды. Алмат – аудандағы ең ірі кәсіпорын «Қарасу» СӨК –ның бас директоры болса, Талғат – «Ғасыр Қарасу» ЖШС бас директоры.

Ленин кеңшарында белгілі механизаторлар Гордиенколардың отбасылық әулеті еңбек етті. Егін

И не только Костанайской области.

Вспомнил председатель сельского совета ветеранов и своих коллег, партийных работников. Так называемый тридцатитысячник (был такой кадровый набор) из Донбасса Михаил Федорович Борисенко был председателем колхоза и директором совхоза, а потом до самой пенсии возглавлял партком совхоза Ленинский. Коренной ленинградец, переживший блокаду, Игорь Михайлович Побудей много лет был секретарем парткома совхоза Амангельдинский, Анна Григорьевна Черепухина – совхоза Ключевой. Их организаторский талант, умение спросить, наставить помогало жить и работать. Самых добрых слов заслуживают старейшие директора школ района – Ефремцев Валентин Федорович (СШ Амангельдинского совхоза) и Геннадий Васильевич Майоров (Караманская СШ).

Одна из особенностей района – обилие семейных династий, считает Г.О. Шуркин. К примеру, ветеран Великой Отечественной войны, многолетний бухгалтер Карасуского районного треста совхозов Жанабиль Шаяхметович Турсунов и Зайтуна Уаповна родили



семь сыновей и дочь. Большинство из них работало и работает в родном краю. Азамат был директором совхоза, десять лет возглавлял районный акимат, ныне депутат Мажилиса Республики Казахстан. Куанышпек – генеральный директор ТОО «Карасу нан». Строитель по образованию Азумхан возглавляет строительный отдел семейной фирмы. Рано ушедший из жизни Мурат руководил ТОО «Рамазан». Генеральным директором крупнейшего в регионе предприятия, ТПК «Карасу»










ОСТАНОВИСЬ




ҚАРАСУ
БҮГІН
ЕРТЕҢ

орағы кезінде аудан көлемінде Иван Васильевич, Петр Васильевич, Михаил Григорьевич, Петр Григорьевич, Сергей Васильевичтерге тең келетін ешкім болмайтын. Петр Васильевич екі бірдей Ленин орденінің иегері. Баканский кеңшарындағы ағайынды Анатолий, Юрий және Владимир Росевтар звеносы да көш басын ешкімге бермейтін. Қарасу кеңшарында еңбек еткен ағайында комбайншылар Павел, Адольф және Петр Вольфтарды да ауданда білмейтін жан жоқ.

- Аудан кәсіпкерлері бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің мәнін жақсы біледі, - деп жалғастырады өз әңгімесін Гурий Осипович. – Олар біздің ардагерлер ұйымына да көмектеседі. Ардагерлердің жан-дүниесі қартаймағанмен, жыл өткен сайын денсаулығы сарқылып, проблемалары көбейе беретінін түсінеді.

Ауданда 22 соғыс ардагері, төрт жарым мың еңбек ардагері тұрады. Ардагерлер кеңесі Алқасын

работает нынче Алмат. Талгат – генеральный директор ТОО «Гасыр Карасу».

В совхозе Ленинском трудилась знатная семейная династия механизаторов Гордиенко – Иван Васильевич, Петр Васильевич, Михаил Григорьевич, Петр Григорьевич, Сергей Васильевич. Не было им равных на уборочных работах. Петр Васильевич заработал два ордена Ленина. Под стать им было звено братьев Росевых – Анатолия, Юрия и Владимира из совхоза Баканский. Или династия комбайнеров Вольфов из совхоза Карасуский – братья Павел, Адольф и Петр.

-Предприниматели района хорошо понимают ту самую социальную ответственность бизнеса, - продолжает свой рассказ Гурий Осипович. – Помогают они и нашей ветеранской организации. Понимают, что ветераны не стареют только душой, что с годами проблем у них добавляется.







Бектас Күшкімбайұлы Байғабылов басқарады. Алқа құрамына Федор Константинович Топчий, Александр Дмитриевич Малютин, Амантай Шайахметұлы Тұрсынов, Рахымбай Момынғожаұлы Жамбылов, Владимир Григорьевич Фастовец, Надежда Тимофеевна Кузьменко, Николай Михайлович Семенов, Қайырбек Иренұлы Жетпіспаев сынды ауданның өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан құрметті азаматтар кіреді. Жиі бас қосып, барлық мәселелерді бірге шешеміз, ауру-сырқау жандарға көмек көрсетіп, мерейтой иелерін құттықтаймыз, қарт адамдардың үйлеріне барып, хал-жағдайларын білеміз. Бәріне тек жылы сөзбен ғана емес, нақты іспен де көмектесуге тырысамыз. Ал аудан әкімдігі бізге ылғи да қолдау көрсетіп отырады,- дейді ақсақал.

-С 1995 года у нас работает Межнациональный культурный центр (МКЦ), - продолжает свой рассказ Галина Петровна. - МКЦ состоит из шести секций - казахской, русской, белорусской, украинской, немецкой, татаро-башкирской. В октябре 2007 года прошла презентация нового помещения МКЦ. Его называют районным Домом дружбы. Здесь все поместились под одним общим шаныраком с элементами национальных убранств. В соседях казахская юрта, русская изба, украинская хата. Каждая диаспора старается показать свой национальный быт, особенности культуры, традиции, обычаи и обряды. Здесь всегда многолюдно. Карасуляне тянутся на огонек. Вместе празднуем и Наурыз, и Масленицу. Есть кабинет для желающих изучать казахский язык. Секции МКЦ принимают активное участие во всех районных мероприятиях, посвященных государственным и национальным праздникам. Энтузиасты ведут работу по сохранению культурного наследия, занимаются краеведением, изучают историю «малой родины». Словом, не скучают.



қазақ халқының салт-дәстүрлерін тамаша білетінімен тәнті етті. Қостанай педагогикалық институтын бітіргеннен бері ол аудандық «Достық» Мәдениет үйінде көркемдік жетекшісі болып істейді. Сахнаны да ұмытқан жоқ, би билеп, ән салады. Ең сенімді көрермендері мен тыңдармандары қатарында ылғи да сүйген жары Әнуар отырады.

- 1995 жылдан бізде Ұлтаралық мәдениет орталығы (ҰМО) жұмыс істейді, - деп жалғастырады әңгімесін Галина Петровна. - ҰМО қазақ, орыс, белорус, украин, неміс, татар, башқұрт секілді алты секциядан тұрады. 2007 жылы ҰМО-ның жаңа ғимаратының тұсауы кесілді. Оны аудандық Достық үйі деп атайды. Бұл жерде барлық ұлттардың өздеріне тән дүстүрлі айшықтарымен безендірілген бір шаңырақтың астында бәрі бірге тұрып жатыр. Қазақтың киіз үйі, орыс избасы, украинның хатасы бір-біріне көршілес орналасқан. Әр диаспора өздерінің ұлттық тұрмысын, мәдениеті мен салт-дәстүрінің ерекшеліктерін көрсетуге тырысады. Бұл жер ылғи да адамға толы. Қарасулықтар үшін бұл жерде бас қосу зор ғанибет. Біз Наурызды да, Масленицаны да бірге тойлаймыз. Қазақ тілін үйренгісі келетіндерге арналған кабинет те ашылған. ҰМО секциялары мемлекеттік және ұлттық мерекелерге арналған барлық аудандық шараларға белсене қатысады. Орталық белсенділері мәдени мұраларды сақтап қалуға бағытталған жұмыстар жүргізеді, өлкетанумен шұғылданады, туған жердің тарихын зерттейді. Бір сөзбен, қол қусырып отырмайды.

ее было нельзя, вот и разглядел все достоинства Наташи карасуский джигит Ануар Бердияров. Скоро Наталья стала Бердияровой, растит теперь с мужем четырехлетнего сына Айдара. В 2005 году рискнула принять участие в областном конкурсе снох под названием «Пай, пай, келіндер-ай» и заняла в нем первое место! Покорила жюри знанием казахских народных традиций и обычаев. Окончила Костанайский педагогический институт, работает в районном Доме культуры «Достық» художественным руководителем. Сцену не оставляет, танцует и поет. Ануар среди самых верных зрителей и слушателей.

-С 1995 года у нас работает Межнациональный культурный центр (МКЦ), - продолжает свой рассказ Галина Петровна. - МКЦ состоит из шести секций - казахской, русской, белорусской, украинской, немецкой, татаро-башкирской. В октябре 2007 года прошла презентация нового помещения МКЦ. Его называют районным Домом дружбы. Здесь все поместились под одним общим шаныраком с элементами национальных убранств. В соседях казахская юрта, русская изба, украинская хата. Каждая диаспора старается показать свой национальный быт, особенности культуры, традиции, обычаи и обряды. Здесь всегда многолюдно. Карасуляне тянутся на огонек. Вместе празднуем и Наурыз, и Масленицу. Есть кабинет для желающих изучать казахский язык. Секции МКЦ принимают активное участие во всех районных мероприятиях, посвященных государственным и национальным праздникам. Энтузиасты ведут работу по сохранению культурного наследия, занимаются краеведением, изучают историю «малой родины». Словом, не скучают.





# ЦЕЛИННЫЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГЫ
# ЦЕЛИННЫЙ СЕЛЬСКИЙ ОКРУГ

Целинный ауылдық округының құрамына Целинное және Прогресс селолары кіреді. Целинное селосы өлке картасында 1955 жылғы сәуірдің 2- сінде пайда болды. Оның негізін қалаған Мәскеу қаласының Октябрь ауданының өкілдері болғандықтан, жаңа кеңшар «Октябрьский» деп аталды. Оның алғашқы директоры болып Бабаев Ягуда Моисеевич тағайындалды. Кейінірек шаруашылықты Гордузов Евгений Кузьмич, Сидоренко Анатолий Петрович, Решетиловский Григорий Иванович, Плаксун Александр Степановичтар басқарды.

1955 жылғы сәуірдің 4-інде «Октябрьский» кеңшарының жұмысшылар мен қызметкерлерінің алғашқы жиналысы өтіп, оған Юркевич Людмила Ивановна, Кнор Иван Андреевич, Кнор Андрей Андреевич, Кнор Клара Вильгельмовна, Мишакина Элия Васильевна, Красноумова Татьяна Григорьевна, Амельченко Екатерина Андреевна, Зиневич Сергей Алексеевич, Мишакин Василий Васильевич, Савенок

В состав Целинного сельского округа входят село Целинное и село Прогресс. Село Целинное появилось на карте края 2 апреля 1955 года, его основателями стали посланцы Октябрьского района города Москвы. А новому совхозу они дали имя «Октябрьский». Первым директором был Бабаев Ягуда Моисеевич, затем хозяйство возглавляли Гордузов Евгений Кузьмич, Сидоренко Анатолий Петрович, Решетиловский Григорий Иванович, Плаксун Александр Степанович.

4 апреля 1955 года состоялось первое собрание рабочих и служащих совхоза «Октябрьский». В нем приняли участие Юркевич Людмила Ивановна, Кнор Иван Андреевич, Кнор Андрей Андреевич, Кнор Клара Вильгельмовна, Мишакина Элия Васильевна, Красноумова Татьяна Григорьевна, Амельченко Екатерина Андреевна, Зиневич Сергей Алексеевич, Мишакин Василий Васильевич, Савенок Фёдор Романович, Савенок Надежда Константиновна, Котикова Зема Михайловна, Котиков Николай Васильевич, Машенцев Иван Фёдорович. Весной 1956 года было создано 12 тракторно- полевод-








Фёдор Романович, Савенок Надежда Константиновна, Котикова Зема Михайловна, Котиков Николай Васильевич, Машенцев Иван Фёдорович және басқалар қатысты. 1956 жылдың көктемінде 12 тракторшылар - егістік бригадасы құрылып, 36 мың гектар жер жартылды. 1957 жылдың күзінен «Октябрьский» кеңшары көпсалалы шаруашылық ретінде қалыптаса бастады, ол үшін шаруашылық мүйізді ірі қара мен мегежін сатып алды. Озат шошқа бағушы Расулова А.Ф. жоғары үкіметтік марапаттарға ие болып, омырауына Ленин және Еңбек Қызыл ту ордендерін тақты. 1985 жылғы қарашаның 21- інде еңбектегі биік жетістіктері үшін Расулова Александра Фёдоровнаға Қазақ КСР- інің Мемлекеттік сыйлығы табыс етілді.

Тың көтеруге кіріскен алғашқы көктемде бригадир болып сайланған Зиневич С.А. басқарған бригада мүшелері тек кеңшарда ғана емес, аудан мен облыс көлемінде де алдарына жан салмады. 1962 жылғы ақпанның 5-інде ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің социалистік жарысында қол жеткізген зор табыстары үшін Қазақстан КП ОК, Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі, Казақ КСР-і кәсіподақтары мен Қазақстан ЛКЖО ОК шешімімен «Октябрьский» кеңшары тракторлы- егістік блигадасының бригадирі Зиневич Сергей Алексеевичке Құрмет дипломы табыс етіліп, оның

ческих бригад, под пашней находилось 36 тысяч гектаров земли. С осени 1957 года совхоз «Октябрьский» начал формироваться как многоотраслевое хозяйство, был закуплен молодняк КРС и свиноматки. Передовая свинарка Расулова А.Ф. стала кавалером высоких правительственных наград – ордена Ленина и Трудового Красного Знамени. 21 ноября 1985 года за выдающие достижения в труде Расуловой Александре Фёдоровне вручили Государственную премию Казахской ССР.

В 1963 году в каждый дом было проведено радио. Радиопередачи стали проводиться два раза в неделю, а в период полевых работ ежедневно. Готовила и проводила передачи Красноумова Т.Г., один из самых уважаемых в совхозе людей, ветеран партии и труда. К проведению передач она активно привлекала специалистов совхоза. Часто выступала первый директор школы Абдрахманова Р.С.

Известный в районе предприниматель директор ТОО «Акниет» Шакирмухамед Ирматович Халметов за многочисленными производственными заботами не забывает о развитии социальной базы села Прогресс. Благодаря его усилиям качественно отремонтирована школа, ведется благоустройство.

аты-жөні Қазақ КСР-інің Алтын кітабына жазылды.

1963 жылы кеңшардың әрбір үйіне радио желісі жүргізілді. Радиохабарлар аптасына екі рет, ал егістік жұмыстары кезінде күн сайын беріліп тұратын болды. Ол хабарларды кеңшардағы ең құрметті адамдардың бірі, партия мен еңбек ардагері Красноумова Т.Г. дайындап, өзі жүргізетін. Хабар дайындау жұмысына ол кеңшар мамандарын да көптеп жұмылдыратын. Радиохабарға белсенді қатысушылардың бірі мектеп директоры Әбдірахманова Р.С. болды.

Шаруашылық мүшелері үшін айрықша маңызды оқиға - 1971 жылғы ақпанның 14-індегі, «Октябрьский» кеңшарын ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту және мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін сатудың бес жылдық жоспарын орындаудағы қол жеткізген табыстары үшін «Құрмет Белгісі» орденімен марапаттау болды.

Қазіргі таңда ауыл аумағында 18 шаруа қожалығы, 7 жекеменшік кәсіпкер және 1999 жылдың сәуір айында құрылған «НурАл» ЖШС қызмет істейді. «НурАл» ЖШС ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен, өсімдік шаруашылығын дамытумен шұғылданады. 2008 жылы дәнді дақылдар егу аумағы 50 252 га құрап, өнімділік гектарына 12,5 центнерден, ал жалпы жиналған астық көлемі 62 815 тонна құрады. Шаруашылықтың тракторлар және автокөліктер паркы жаңа техникамен, құрал-жабдықпен толықтырылды. Атап айтқанда, екі «Кейс» егістік кешені, сегіз «Джон-Дир» комбайны және басқа да заманауи техника сатып алынды. «НурАл» ЖШС әкімшілігі жыл сайын зейнеткерлер мен мүгедектерге қаржылық көмек көрсетіп тұрады.

Ауыл аумағында Федянова Татьяна Анатольевна директорлық ететін Целинный орта мектебі жұмыс істейді. Мектепте халыққа білім беру ісінің озаттары Савченко Людмила Александровна мен Машковская Тамара Ивановна еңбек етеді. Осындай ұлағатты ұстаздардан 198 бала білім алуда. Жыл сайын мектепке күрделі жөндеу жүргізіп, оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтар табыс ететін де «НурАл» ЖШС тұқымдық компаниясы. Осы агрофирма көмегі арқасында мектеп оқушыларының барлығы ыстық тамақпен тегін

Событием особой важности явилось награждение 14 февраля 1971 года совхоза «Октябрьский» орденом «Знак Почёта» за успехи, достигнутые в развитии сельскохозяйственного производства и выполнение пятилетнего плана продажи государству продуктов животноводства.

Сегодня на территории села функционируют 18 крестьянских хозяйств, 7 индивидуальных предпринимателей и ТОО «НурАл», которое образовалось в апреле 1999 года. ТОО «НурАл» занимается производством сельскохозяйственной продукции, растениеводством. В 2008 году посев зерновых составил 50 252 га, урожайность 12,5 ц/га, валовый сбор зерновых соста-




вил 62 815 тонн. Тракторный и автомобильный парк обновлен новейшей техникой и агрегатами. В том числе приобретено два посевных комплекса «Кейс», восемь комбайнов «Джон-Дир», другая техника. Администрация ТОО «НурАл» ежегодно оказывает материальную помощь пенсионерам и инвалидам.

На территории села функционирует Целинная средняя школа, директор ее Федянова Татьяна Анатольевна. Отличники народного образования Савченко Людмила Александровна и Машковская Тамара Ивановна. Контингент учащихся составляет 198 человек. Основным спонсором, который ежегодно делает ремонт школы, дарит новогодние подарки всем учащимся, является

қамтамасыз етілген.

1964 жылы құрылған мал бордақылау кеңшары кейінірек «30 лет Целины» болып атын өзгертті. Қазіргі кезде бұл Прогресс селосы. Мал бордақылау кеңшарының алғашқы директоры Әбілқасымов У.К. болды. Шаруашылықта жұмысшы болып Зиатдинова Нина Андреевна, Кулик Николай Андреевич, Трипутень Галина істеді. 1957 жылғы қаңтардың 11- де механизатор Бережной Иван Михайлович пен тракторшылар бригадирі Потапов Леонид Александровичке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Бүгінгі таңда Прогресс селосы аумағында «Ақниет» ЖШС жұмыс істейді. Селоның негізгі шаруашылығы болып табылатын «Ақниет» ЖШС 2008 жылы 10428 га жерге егін салып , әр гектардан орта есеппен 13,0 центнерден өнім алды. «Ақниет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 49 адам жұмыс істейді, олардың орташа жалақысы 28220 теңге. «Ақниет» ЖШС әкімшілігі жыл сайын зейнеткерлер мен мүгедектерге қаржылық көмек көрсетіп тұрады. Прогресс негізгі мектебінің директоры Кулик Татьяна Николаевна тәжірибелі педагог, білікті маман. Мектепте де «Ақниет» ЖШС есебінен күрделі жөндеу жүргізілді.

семеноводческая компания агрофирма ТОО «НурАл». Все учащиеся пользуются бесплатным горячим питанием.

В 1964 году был создан откормсовхоз, который потом переименовали в совхоз «30 лет Целины», в данное время это село Прогресс. Первым директором откормсовхоза был Абилкасимов У.К., рабочими Зиатдинова Нина Андреевна, Кулик Николай Андреевич, Трипутень Галина. В 1957 году 11 января звание Героев Социалистического Труда присвоено механизатору Бережному Ивану Михайловичу и бригадиру тракторной бригады Потапову Леониду Александровичу.

В данное время на территории села Прогресс функционирует ТОО «АкНиет». Базовое хозяйство ТОО «АкНиет» в 2008 году засеяло 10428 га, урожайность в среднем составила 13,0 центнера с гектара. В ТОО «АкНиет» работает 49 человек, среднемесячная заработная плата составляет 28220 тенге. Администрация ТОО «АкНиет» ежегодно оказывает материальную помощь пенсионерам и инвалидам. Директором Прогресской основной школы работает Кулик Татьяна Николаевна, отличный специалист. В школе произведён капитальный ремонт за счет средств ТОО «АкНиет».





# ӨМІРІ ӘНМЕН ӘРЛЕНГЕН

# ЖИЗНЬ ПРОЖИЛ, КАК ПЕСНЮ ПРОПЕЛ



Сегіз қырлы бір сырлды жігіт Коля Овчаренко құйқылжыта тартқан баян үні кімді болса да бей-жай қалдырмайтын, еркіннен тыс құлақ тігіп, қосылда ән шырқап кеткеніңді, тіпті ортаға шығып алып, дөңгелеп билей жөнелгеніңді де сезбей қаласың … Николай блімейтін ән жер бетінде жоқ болар, сірә. Халық әндерін де, күні кеше ғана пайда болған жаңа әндерді де нақышына келтіріп шырқай жөнелгенде, құлағыңның құрышын қандырады. Ол аз болғандай, өзі де ән шығаратын. Бір сөзбен – сол соғыстан кейінгі жылдар тілімен айтқанда «ауылдың алға ұстар жігіті» болды, жас қыздар мен жігіттер оның жанынан шықпайтын. Бірде-бір кеш Коляның қатысуынсыз өтпейтін. Сондықтан клуб меңгерушісі Илларион Лукьянович Киселев бірде Николайды ауылда көркемөнерпаздар тобын құруға шақырды. Бірігіп құрған ән ұжымының концерттеріне бүкіл Қарасу жұрты тай- тұяғы қалмай тегіс жиналатын.

Қолы қалт ете қалса болды, Николай барлық жан-жүрегімен өзінің тағы бір құмарлығы – сурет салуға берілетін. Сурет салудың барлық тәсілін игеріп те алған. Суретті қарындашпен де, гуашьпен, акварельмен де салды, майлы бояуды да қолданды. Туған өлкен пейзажын да салды, жерлестер портреттерін де жазды. Бір кездері тіпті суретті ағаштан ойып салумен, фотосуретке түсірумен де шұғылданды. Оның жеке мұрағатында өткен ғасырдың 50 жылдарындағы Қарасу бейнесі мәңгіге сақталып қалған. Мұндай суреттер басқа ешкімде жоқ.

Кеңес заманында қолданыста мәдениет-ағарту қызметкері деген ұғым болды. Николай Макарович Овчаренко ұзақ жылдар бойы дәл осы мәдени және ағарту жұмыстарымен шұғылданды. Оның автоклубы Қарасу ауданының жолдары мен соқпақтарын қысжаз демей, мыңдаған рет шарлап шықты. Оны дала қостарындағы диқандар, фермалардағы малшылар мен кеңшар шеберханасындағы жұмысшылар асыға

Ах, как играл, как заливался, как звал спеть или станцевать баян Коли Овчаренко – поневоле заслушаешься, подпоешь, выйдешь в круг… Не было песни, которой не знал Николай. Пел и старые, народные, и новые, только что появившиеся на слуху. Сам песни сочинял. Словом, был он, как прежде, в послевоенные времена говорили, первым парнем на селе, молодежь вокруг него хороводилась. Ни одна вечеринка без него не обходилась. Заведующий клубом Илларион Лукьянович Киселев «привлек» Николая: давай-ка самодеятельность поднимать. Создали песенный коллектив – весь Карасу валом валил на его концерты.

Как выпадет свободная минутка, Николай всецело отдавался другой своей страсти – рисованию. Перепробовал все – и карандаш, и гуашь, и акварель, и масло. Рисовал пейзажи родных мест, портреты земляков. А то увлекся выжиганием, резьбой по дереву, фотографией. В его архиве снимки старого Карасу 50-годов прошлого века – ни у кого нет таких.

Есть такое неуклюжее словцо – культпросветработник. Николай Макарович Овчаренко долгие годы именно культурной и просветительской работой занимался.



күтетін. Өткені аудандық мәдениет бөлімінен Овчаренко келсе болды, соңғы жаңалықтарды естіп, кино көріп, көрме тамашалап, жаңа әндер мен әуендер тыңдап, бір жасап қалатындарын білетін. Ол кеңшарларда жас шахматшылар клубтарын ұйымдастырды. Бұл ежелгі ойын жан-жақты талант иесі Николай Макаровичтың тағы бір әуестігі. Бұған қоса 1939 жылдан жинаған маркалар коллекциясы Қостанай облысындағы ең бай жинақ. Ал талай жылдан бері жинаған төсбелгілеріне де сан жетпейді.

Қарасудың байырғы тұрғындарының бірі Николай Макаровичты жерлестері әлдеқашан-ақ «тірі анықтама» атап кеткен. Кез-келген тақырыпта пікір таластырғанда алдына жан салмайды, ал туған ауылының тарихы туралы әңгімелесе, аузыңды ашып тыңдайсың. Оның әкесі Макар Овчаренко өлкедегі Азамат соғысына белсенді қатысқан жан. Кейін жаңа шаруашылықтар құрып, ұжымшар басқарған. Соғысқа шақыртылудан босатқан арнайы құжаты бола тұра, өз еркімен майданға аттанды. Ерлікпен соғысты, ұрыс даласына бір аяғын қалдырып, туған жерге балдаққа сүйеніп оралды. Сонда да қайтадан жұмысқа араласып кетті. Еңбек десе ерінбейтін, жерлестері тұрмысын жақсарту үшін жан аямайтын адал адам болатын. Қарасудан қоныс аударып кетерде кенттің бүкіл тұрғыны жиналып, шығарып салды – сенімді жерлесі, сыйлы басшысын қимай, көздеріне жас алды.

- Баян тарту бұрынғыдай емес, қазір қиындап кетті, саусақтарым жас кездегі ептілігін жоғалтты ғой, - деп жымияды Николай Макарович. – Ал бірақ шахмат ойнаудан әлі күнге дейін ешкімге есемді жібермеймін, - деп қосып қояды.



Его автоклуб колесил по дорогам Карасуского района и летом, и зимой. Ждали его и на полевых станах, и на фермах, в совхозных мастерских. Знали, приедет Овчаренко из районного отдела культуры и будет интересно – расскажет о последних новостях, кино покажет, выставку привезет, что-нибудь послушать из большой фонотеки. В совхозах организовал клубы юных шахматистов. Эта древняя игра – еще одно из увлечений Николая Макаровича. С 1939 года собирает марки – его коллекция богатейшая в Костанайской области. И значков у него великое множество.

Один из старожилов Карасу, Николай Макарович давно стал что называется, ходячим справочником – многое и многих помнит, с живыми подробностями рассказывает об истории родного села. Его отец, Макар Овчаренко, был активным участником Гражданской войны в крае. Затем создавал новые хозяйства, руководил колхозом. Была у него бронь, но ушел-таки на фронт. Воевал геройски, вернулся на костылях. И вновь впрягся в работу. Великим был тружеником, душой болел за людей. Когда уезжал, провожать его вышел весь поселок, плакали – жалко было отпускать, прощаться с ним.

-Баян мне уже не по силам – не держат руки, - улыбается Николай Макарович. – А вот в шахматы мало кому проигрываю и сегодня.






# ҚОЙБАҒАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГЫ

# КОЙБАГОРСКИЙ СЕЛЬСКИЙ ОКРУГ

Бұл жердің байырғы тұрғындардың айтуынша, өткен ғасырдың отызыншы жылдарының соңына дейін қазіргі Қойбағар кентінің орынында ешкім тұрақты өмір сүрмеген. Алайда 1938 жылы -ақ алғашқы қоныс аударушылар (осында жер аударылған поляк ұлтының өкілдері) темір жол жиегіне барақ салды. Бұл жердің байырғы тұрғындары оларды өздеріне тән қонақжайлықпен және түсіністікпен карсы алып, қолдарынан келгенше көмектерін аямады. Соның арқасында қазақ жерінде Дыль, Беккер, Фаст, Ейде, Левинд және басқалардың отбасылары екінші отанын тапты. Әлі күнге дейін темір жол жанында поляктар зиратының қалдықтары сақталған. 1939 жылы осында тұрақты тұруға Омаровтар, Борамбаевтар, Тисленко-лар, Флориндер, Жақыповтар отбасылары көшіп келді. Олар бұл жерде әлі күнге дейін тұрып жатыр, ал 1939 жыл кенттің негізі қаланған жыл болып саналады.

1938 жылы Құшмұрын стансасын Шалғышы стансасымен жалғастыратын темір жол құрылысы басталды. 1940 жылғы қарашаның 7- сінде бір сокпақты темір жолдың құрылыс аяқталып, оның бойымен алғашқы поезд жүріп өтті. Осы Қойбағар стансасынан қан майданға аттанған Қарасу ауданының 968 ер азаматы туған жерге қайтып оралмады. 1941 жылы майданға Әбілдинов Құрмаш, Батталов Берген, Қойшин Мырзабай, Литвяк Иван, Свичкарёв Григорий және баска да көптеген қайбағарлықтар аттанды. Литвяк Иван мен Свичкарёв Григорий Ұлы Отан соғысының ұрыс даласында қаза болды, ал Әбілдинов Құрмаш қолынан жарақат алып, 1942 жылы ауылға қайта оралды.

Ауылдың ең құрметті азаматтарының бірі –Табылдинов Исатай . Табылдиновтар отбасы – Қойбағардың байырғы тұрғындары. Олар мұнда соғысқа дейін де тұрған. Ал соғыс басталғанда Исатай әлі кішкентай бала болатын, сондықтан майданға оны алмады, ал әкесі Жармағамбет пен оның бауыры Табылдинов Жолмағамбет қан майданнан қайтып оралған жоқ. Хабарсыз кетті.

Тың игеру жылдары мұнда Кеңес Одағының барлық аймақтарынан өз еріктерімен мындаған жас қыз-жігіттер келді. Дәл сол жылдары Қойбағарда Гриц, Партыко, Рафальскийлер, Ковальскийлер, Моторя отбасылары пайда болды. Олар өздерінің екінші отанына айналған осы жерде әлі күнге дейін тұрып жатыр.

Қазіргі таңда Қойбағар теміржол стансасы жыл сайын бірнеше мың жолаушылар қабылдайды. Ол арқалы республикалық және халықаралық маңызы бар поездар, сондай-ақ Құшмұрын, Шалғышы және Есіл стан-

По утверждениям старожилов, до конца тридцатых годов прошлого века здесь, на месте нынешнего посёлка Койбагор, никто постоянно не жил. Однако уже в 1938 году первые переселенцы (это были польские ссыльные) построили рядом с железнодорожным полотном барак. Местное население с пониманием и гостеприимством отнеслось к приезжим, помогали, чем могли. Обрели здесь вторую Родину семьи Дыль, Беккер, Фаст, Ейде, Левин и другие. До сих пор рядом с железнодорожным полотном находятся останки польского кладбища. В 1939 году сюда на постоянное место жительства приехали семьи Умаровых, Бурамбаевых, Тисленко, Флориных, Жакуповых. Эти семьи живут здесь и поныне, а 1939 год считается датой основания посёлка.

В 1938 году началось строительство железной дороги, соединяющей ст. Кушмурун и ст. Челгаши. К 7 ноября 1940 года было закончено строительство однопутки, прошёл первый состав. Отсюда, со станции Койбагор, уехали на фронт и никогда не вернулись 968 человек – жителей Карасуского района. В 1941 году ушли на фронт Абултдинов Курмаш, Батталов Берген, Койшин Мурзабай, Литвяк Иван, Свичкарёв Григорий и другие койбагорцы. Литвяк Иван и Свичкарёв Григорий так и не вернулись с полей Великой Отечественной, а в 1942 году пришёл раненый в руку Абултдинов Курмаш. Табельдинов Исатай – один из уважаемых жителей села. Семья Табельдиновых – коренные жители Койбагора. Они жили здесь до войны. Когда началась война, Исатай был ещё маленьким, и на фронт не попал, а вот отец его, Жармагамбет и его брат, Табельдинов Жолмагамбет, ушли на фронт и не вернулись. Пропали без вести.

В годы целинной эпопеи слетелись сюда добровольцы со всех концов Советского Союза. Именно в те годы появились в Койбагаре семьи Гриц, Партыко, Рафальских, Ковальских, Моторя. Они живут и трудятся здесь и поныне.

Сейчас железнодорожная станция Койбагар ежегодно принимает несколько тысяч пассажиров. Здесь проходят поезда республиканского и государственного значения, а также поезда местного значения, связывающие станции Кушмурун, Челгаши, Есиль. Здание железнодорожного вокзала вновь отреставрировано. Начальник

саларын байланыстыратын жергілікті дәрежедегі поездар өтеді. Темір жол вокзалының ғимараты қайтадан қалпына кетірілді. Вокзал бастығы – Канищев Анатолий Михайлович – өз ісін терең меңгерген, білгір маман, теміржолшылар ұжымын жиырма жылдан астам уақыт басқарып келеді.

Теміржолдың дамуына жолында бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталған, «Құрметті теміржолшы» атағының иегері С. Кенжеғалин көптеген жылдар бойы адал еңбек етті. Темір жолдың ең тәжірибелі еңбеккерлері арасында – билет кассирлері Шагаева О.У., Маркова Л.П., Суомбаева С.У., қауіпсіздік техникасы жөніндегі нженер Исумбаев А.А., теміржолшылар Жансақаловтар (Кәкен мен оның ұлдары - Жеңіс, Марат және Асқар), Оразбаевтар (Сағындық пен ұлы Жантас) және Есімбаевтар (Асқар, Берік, Бақыт) әулеттері, Табылдинов Сәбит және басқалар бар.

Қойбағар орта мектебі туралы алғашқы деректер кенттің негізі қаланған жылдарымен тұспа-тұс келеді. Ол кезде мұнда тек бастауыш мектеп болып, онда небәрі екі мұғалім ғана: ерлі зайыпты Михаил Петрович пен Екатерина Григорьевна Бертниковтар сабақ берді. Мектеп Привокзальная көшесіндегі қарапайым тұрғын үйде орналасты. Сегіз жылдық білім беретін мектеп кентте ұзақ жыл бойы болған жоқ, тек 1959 жылы ғана Қойбағарда жаңа екі қабат мектеп салынды. Алғаш жеті сыныптық болып салынған бұл білім ордасы көп ұзамай сегіз жылдық болып қайта құрылды. Мектептің алғашқы директоры Отрощенко А.М. болды. Ал 1967 жылы мектеп онжылдық мәртебесіне ие болып, Стансалық орта мектеп атала бастады. Мектепте ондаған жылдық педагогикалық өтілі бар ұстаздар дәріс береді. Жавненко Екатерина Степановна, Пиворова Зинаида Павловна, Шек Валентина Марковналар білім беру саласында қырық жылға жуық еңбек еткен жандар. Мектептің оқу ісінің меңгерушісі Дербісалина Күлән Молдашқызы «Қазақ КСР- іне еңбек сіңірген ұстаз» атағының иегері.

Ауылдағы ел тұрмысының ең жоғары деңгейде болған кезеңі - өткен ғасырдың 1970 -1980 жылдары. Ол кезде халық саны 3,5 адам құрайтын. Ал қазіргі таңда кентте 1644 адам тұрады, олардың еңбек ететіні – 856 адам. Соңғы жылдары кенттегі адамдар тұрмысы біртіндеп жақсара бастады. Қазір мұнда 15 жекеменшік және мемлекеттік кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың ең ірілері қатарында «Қойбағар элеваторы» ЖШС (басшысы – Ерғазинов Жанғабыл Есімұлы), «Құнарлылық» ЖШС ( басшысы - Ковальский Виктор Фёдорович), Стансалық орта мектеп (директоры Мельникова Татьяна Николаевна), «Қойбағар мұнай базасы» ЖШС ( басшысы Ақпаленов Қабдрахман Жұмақайырұлы). Ауыл әкімі - Скубилова Вера Владимировна. Оның алдында ауылды Гертер В.И., Ақпаленов Ж.Т., Борисов С.С., Баймұқанова Б.М., басқарып, туған кенттің гүлденуі мен өркендеуіне мол үлес қосты.

вокзала – Канищев Анатолий Михайлович – человек, хорошо знающий своё дело, руководит коллективом железнодорожников уже более двадцати лет.

Много лет отдал служению железной дороге и С. Канжегалин, имеющий несколько почётных грамот, удостоенный звания «Почётный железнодорожник». Наиболее опытные работники железной дороги – билетные кассиры Шагаева О.У., Маркова Л.П., Суомбаева С.У., инженер по ТБ Исумбаев А.А., династии железнодорожников Жансакаловых (Какен, его сыновья - Женис, Марат и Аскар), Уразбаевых (Сагындик и его сын Жантас) и Исумбаевых (Аскар, Берик, Бакыт), Табельдинов Сабит и многие другие.

Первые упоминания о Койбагорской школе относятся ко времени основания посёлка, когда здесь была только начальная школа и всего два учителя: супруги Бертниковы, Михаил Петрович и Екатерина Григорьевна. Она размещалась в обычном доме на Привокзальной улице. Восьмилетнего образования в посёлке не было долгое время, и лишь в 1959 году в Койбагоре построили новую двухэтажную школу - семилетку, которая вскоре была преобразована в восьмилетку. Первым директором школы был Отрощенко А.М. В 1967 году школа получила статус средней и стала носить название Станционная средняя школа. В школе работают учителя, имеющие за плечами не один десяток педагогического стажа. Это Жавненко Екатерина Степановна, Пивоварова Зинаида Павловна, Шек Валентина Марковна, проработавшие в сфере образования около сорока лет. Завуч школы Дербсалина Кулян Молдашевна имеет звание «Заслуженный учитель Казахской ССР».

Самый высокий уровень жизни в селе приходился на 1970 -1980 годы прошлого века. Численность населения тогда составляла 3,5 тысяч человек. В данный момент в посёлке живёт 1644 человека, из них работающего населения – 856 человек. Жизнь в посёлке стала мало помалу налаживаться. Действуют 15 частных и государственных предприятий, в числе которых крупнейшими являются ТОО «Койбагарский элеватор» (руководитель – Иргазинов Жангабыл Есимович), ТОО «Кунарлылык» (руководитель - Ковальский Виктор Фёдорович), Станционная средняя школа (директор школы Мельникова Татьяна Николаевна), ТОО «Койбагарская нефтебаза» (руководитель Акпаленов Кабдрахман Жумакаирович). Аким села - Скубилова Вера Владимировна. Её предшественниками были Гертер В.И., Акпаленов Ж.Т., Борисов С.С., Баймуканова Б.М., которые также внесли немалую лепту в дело благоустройства родного посёлка.



# ҰСТАЗЫМ – ҰЛАҒАТЫМ, ҮЛГІМ МЕНІҢ

# НАВЕЧНО ВЫЗВАНЫ К ДОСКЕ

*Қатима Қадірқызы Жамбылова 1946 жылғы мамырдың 8-де Урицк ауданының Қарат кентінде туған. Алдымен Лермонтов сегіз жылдық мектебінде білім алып, оқуды 1965 жылы Қарасу мектебінде тәмамдады. 1972 жылы Қостанай педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірді. Ұстаздық өтілі Новоселовск орта мектебінде басталды. Күйеуге шыққан соң, 1969 жылы Қарасуға қоныс аударып, Қарасу орта мектебінде 2009 жылға дейін математика пәнінің мұғалімі болып істеді.*

*Жоғары санатты мұғалім, Қазақстан Республикасы ағарту ісінің озық қызметкері.*

*Катима Кадыровна Жамбулова родилась 8 мая 1946 года в поселке Карат Урицкого района. Училась восемь лет в Лермонтовской восьмилетней школе, а заканчивала учебу в 1965 году в Карасуской школе. В 1972 году окончила физико-математический факультет Кустанайского педагогического института. Учительский стаж ее начался в Новоселовской средней школе. Выйдя замуж, в 1969 году переехала в Карасу и проработала преподавателем математики в Карасуской средней школе до 2009 года.*

*Учитель высшей категории, отличник просвещения Республики Казахстан.*

Неге математиканы таңдадым дейсіз ғой? Оның еш құпиясы жоқ. Ең басты педагогикалық тәсіл - өз ісіңмен үлгі көрсету емес пе? Ал мен үшін өмірлік үлгі болған мектептегі ұстазым Қайыржан Нұрипанұлы Қазиев болатын. Оның сабақтарын өмір бойына жадымда сақтап қалдым. Ол осы өңірдің тұрғыны, Тоқай кентінің тумасы. Қарасу жеті жылдық мектебінде оқып, оны 1946 жылы мақтау грамотасымен бітірген. Орал мемлекеттік пединститутын бітірген соң туған ауданына қайта оралып, біздің мектепте физика мен математикадан дәріс бере бастады. Осы нақты да қызықты ғылымдарға деген құмарлықты ол тек менің ғана емес, басқа да көптеген шәкірттерінің бойында оята білді. ... 41 жыл ұстаздық етіп, шәкірттерінің алғысына бөленген тәжірибелі педагог Қайыржан Нұрипанұлы Құрмет Белгісі, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.

-Почему математика? Все просто. Какой главный педагогический прием? Сила примера, конечно же. Для меня примером стал мой школьный учитель Кайржан Нурипанович Казиев. Его уроки на всю жизнь запомнила. Он местный, уроженец поселка Токай. Учился в Карасуской семилетке, которую окончил с похвальной грамотой в 1946 году. После Уральского госпедвуза вернулся в родной район, стал преподавать физику и математику в нашей школе. Науки строгие, ясные. Увлек ими не только меня... У Кайржана Нурипановича 41 год преподавательского стажа, награды Знак Почета, орден Трудового Красного Знамени. Он Заслуженный учитель Казахской ССР. А директор нашей школы той поры незабвенная Надежда Тимофеевна Кузьменко? Она была первой выпускницей этой школы в 1949 году и потом ее же и возглавила. Или моя учительница

Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген ұстаз. Ал сол кездері біздің мектептің директоры болған, ұмытылмас ұстаз Надежда Тимофеевна Кузьменко ше? Осы мектептің 1949 жылғы алғашқы түлектерінің бірі болған ол, кейін өзі бітірген оқу ордасына басшылық етті. Немесе бізге физика пәнінен сабақ берген Антонина Михайловна Рыбалконы алайық. Өз ісіне жан-тәнімен берілген маман, ақ көңіл, жаны жайсаң адам. Қысқаша айтқанда, үлгі тұтар ұстаздарым жеткілікті болды.

Қатима Қадірқызы екі баланың анасы, бүгінде алты немереге әже болып отыр. Қызы Айгүл анасының ізін қуып, ағылшын тілінің мұғалімі болды, немересі Мәдина да әжесі секілді математика пәнінен сабақ беруді армандайды.

Ол өзі оқытқан шәкірттерінің бәрін туған балаларындай көреді. Қарасу орта мектебінің барлық оқушылары оны ең сүйікті, ең мейірімді, ең ақылды, ең әділ ұстаз санайтыны да содан. Бұл мектепте білім алған әрбір үшінші оқушысы математика пәнінің қыр-сырына Қатима Қадірқызының сабақтарында қанықты десек қателеспейміз. Мысалға 1982 жылдың түлектерін алайық: Бесінші сыныпта олар 42 бала болатын. Түлектердің бірі Қарабекова Гүлнәр қазір облыстық қазыналық банктің жетекші маманы, ал Слабунов Игорь мамандағы бойынша зангер, биылғы жылы генерал атағын алды. Ұстаз өзінің барлық шәкірттерін жадында ұстайды, алайда алғашқы түлектерінің алар орыны айрықша. Олардың қатарында облыс пен ауданның жетекші мамандары Нұғырбеков Н.К., Жұмыров Ж.Е., Полищук Е.В. және басқалар бар. Бір сөзбен Қатима Қадірқызының шәкірттері халық шаруашылығының барлық салаларында ерінбей еңбек етіп жүр.

Әріптестері мен әдіскерлердің айтуынша, ұстаз Жамбылованың табысты еңбегінің құпиясы жоғары кәсіби шеберлігі, мен шәкірт жүрегіне жол таба білуінде. Өз сабақтарын ол ылғи да өте қызықты, тар-






физики Антонина Михайловна Рыбалко – добросовестнейший специалист, душевный человек. Так что было с кого пример брать.

У Катимы Кадыровны двое детей, шесть внуков. Дочь Айгуль пошла по стопам матери, став учителем английского языка, внучка Мадина мечтает стать, как бабушка, учителем математики.

Считает своими детьми и всех тех, кого учила. Недаром ученики Карасуской средней школы отзываются о ней как о самой милой, самой доброй, самой мудрой, справедливой. На счету у ветерана педагогического труда пять полных выпусков. Не ошибемся, если скажем, что каждый третий ученик в Карасу познал математику на ее уроках. Взять, к примеру, выпуск 1982 года. В пятом классе их было 42. Среди выпускников Карабекова Гульнара, ныне ведущий специалист областного казначейского банка, Слабунов Игорь, по специальности юрист, в этом году получил звание генерала. Все выпуски для учителя памятны, но первый особенно. Среди них ведущие специалисты области и района Нугурбеков Н.К., Жумуров Ж.Е., Полищук Е.В. и многие другие. Словом, ученики Катимы Кадыровны работают во всех сферах народного хозяйства.

По мнению коллег, методистов секрет успеха преподавателя Жамбуловой заключается в высоком профессиональном мастерстве, умении находить ключ к сердцу учащегося. Свои уроки она проводила живо и увлекательно, вовлекая в процессизучения предмета каждого ученика. Уроки педагога отличались тщательной и продуман-









тымды өткізіп, сабақ барысына барлық шәкіртті бірдей жұмылдыра біледі. Оның мұқият дайындалып, жан-жақты ойластырылған сабақтары шәкірттерге тек білім беріп ғана қоймай, олардың нағыз азамат болып өсуіне қосар тәрбиелік мәні де зор болатын.

Қатима Қадірқызы бүгінгі күні өзінің мол тәжірибесін жас ұстаздарға беріп, лайықты ізбасарлар дайындап жүр.

2008-2009 оқу жылы басталғанда ауданда 40 жалпы білім беру мектебі (20 орта, 9 негізгі, 11 бастауыш мектеп) жұмыс істеді. Олардың 4 –інде білім беру екі тілде жүреді, ал бір мектепте шәкірттер білім нәрімен мемлекеттік тілде сусындайды. Аудандағы жалпы мектеп оқушылары саны 4102. Сонымен қатар, балалардың өнер мектебі, балалар және жасөспірімдер спорт мектебі де жұмыс істейді, Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық үйі құрылған. Ауданның білім беру мекемелерінде 571 педагог сабақ береді, олардың 410 –ы (71,80%) жоғары білімі бар мамандар.

Бүгінгі күннің биігінен өткенді де бір шолып өтіп, бұл екі заманды бір-бірімен салыстыру мүмкін еместігіне көз жеткізген де пайдалы. Айталық, қазіргі Қарасу ауданы алып жатқан ұлан-ғайыр аумақта осыдан жүз жыл бұрын өте ыңғайсыз, кейбірі тіпті сабақ өткізуге мүлде жарамайтын тар жертөлелерде орналасқан небәрі бірнеше ғана кенттік бастауыш мектеп болған. Қарасудағы алғашқы ұстаз Щевцов балаларды өз үйінде оқытатын.Тек 1909 жылы ғана бұл жерде алғашқы шіркеу жанындағы мектеп ашылды.

Сол кездегі Қарасу мектебінің қызметі тамаша ұстаз, білім ордасында 20 жылдан астам уақыт еңбек еткен ағартушы - Голубаев Михаил Ивановичтың есімімен тығыз байланысты. М.И. Голубаев Белоруссияда, кедей шаруаның отбасында туып-өскен. Өзі сауатын ашып, білім алған соң, Қазақстанның енді қоныстанып жатқан жерлерінде мұғалімдерге деген мұқтаждықтың зор екендігін есітіп, 1910 жылы Омбыға келген де, Қарасулы ауылының мектебіне жолдама алады. Мектеп ісінің хал-жағдайын өз көзімен көргеннен кейін ол өзінің естеліктерінде: «Тұрғындардың ол кездегі білімі туралы айтудың өзі күлкілі, тіпті күйінішті, өйткені

ной организацией, носили ярко выраженный воспитательный характер.

Катима Кадыровна щедро делится своим опытом, передает его молодым учителям.

На начало 2008-2009 учебного года в районе действовало 40 общеобразовательных школ (20 средних, 9 основных, 11 начальных), из них в 4 школах ведутся занятия на двух языках и одна школа с государственным языком обучения. Всего обучаются 4102 учащихся. Кроме того, есть детская школа искусств, детско-юношеская спортивная школа, создан Дом творчества детей и юношества. В учреждениях образования района работает 571 педагог, из них с высшим образованием – 410 (71,80%).

С высоты сегодняшнего дня полезно оглянуться в прошлое, чтобы сравнить, убедиться в несравнимом. Так вот, на всей обширной территории, занимаемой нынешним Карасуским районом, сто лет назад было всего лишь несколько поселковых начальных школ, ютившихся в землянках, очень неудобных, а порой и вовсе непригодных для занятий. Первый учитель Карасу Щевцов учил детей на дому. И лишь в 1909 году здесь была основана церковно – приходская школа.

Деятельность карасульской школы тех времен связана с именем замечательного учителя - подвижника, проработавшего в ней более 20 лет, - Голубева Михаила Ивановича. Родом М.И. Голубев был из Белоруссии, из бедной крестьянской семьи. Получив образование и узнав, что заселяемых районах Казахстана большая нужда в учителях, он в 1910 году приехал в Омск, где и получил направление в школу села Карасульского. Оценивая постановку школьного дела, учитель с горечью замечает в воспоминаниях: «Об образовании населения того времени как-то и смешно, и горько говорить, потому что царила сплошная безграмотность». В 1912 году по настоянию жителей в Карасульском была построена новая деревянная, крытая железом школа с просторными классами. «Эта школа,- делился воспоминаниями М.И. Голубев, - считалась лучшей в смысле благоустройства для того трудного и бедного времени». В крае фактически отсутствовали школы для казахских детей

мұндағы халық түгелдей дерлік сауатсыз еді», - деп өкінішпен жазады. 1912 жылы тұрғындардың талап етуімен Қарасуда ағаштан, төбесі темірмен жабылған, кең сынып бөлмелері бар жаңа мектеп салынды. «Бұл мектеп сол бір қиын да жоқшылық заманда жайлылығы жөнінен өңірдегі ең үздігі саналатын»,- деп жазады өз естеліктерінде М.И.Голубаев. Өлкеде Қойбағар кентіндегі шағын орыс-қырғыз мектебін есептемегенде, жергілікті қазақ балалары өздерінің ана тілдерінде білім алатын мектептер мүлде болмаған еді. Қарасу кенттері мен ауылдарының тұрғындары арасындағы сауаттылық небәрі 10 пайыз ғана құрайтын. Патша заманындағы халық ағарту саласындағы игі бастамаларға жол бермеген, халыққа қарсы саясаттың салдары, міне осындай еді.

Ұлы Отан соғысы жылдары (1941-1945жж.) мектептердіңоқу-материалдықнегіздері,педагогикалық кадрлердің білім сапасы, белгілі себептерге байланысты, соғысқа дейінгі кезеңнен кем түспесе, артқан жоқ. 1945 жылы ауданда 35 мектеп болып, оларда 1023 бала білім алды. Ауданның 73 мұғалімінен соғыстың соңына қарай тек төртеуінің ғана жоғары білімі, 12 ұстаздың аяқталмаған жоғары, 30 мұғалімнің – орта білім бар болса, 27 мұғалім орта мектепті де бітірмеген еді. Аудан мектептерінде сабақ берген 11 қазақ мұғалімнің ешқайсысының жоғары білімі болмаған-ды. Соғыс жылдары аудан мектептеріне Ресейдің орталық өңірінен қоныс аударылған мұғалімдер келді.

Қарасу ауданындағы халыққа білім беру сала-

с преподаванием на родном языке, если не учитывать небольшую русско- киргизскую школу в пос. Койбагор. Грамотность среди жителей карасульских поселков и аулов составляла всего лишь 10 процентов. Такого было следствие антинародной политики самодержавия, откровенно применявшей сдерживающие начала в области народного просвещения.

В период Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) учебно-материальная база, качество педагогических кадров, по известным причинам, были нисколько не лучше, чем в довоенный период. В 1945 году в районе было 35 школ, в которых обучалось 1023 учащихся. Из 73 учителей района к концу войны только четверо имели высшее образование, 12 - незаконченное высшее, 30 – среднее, 27 – незаконченное среднее образование. В районе было 11 учителей-казахов, но ни один не имел высшего образования. В годы войны в школы пришли учителя, эвакуированные из центральных районов России.

Народное образование в Карасуском районе, как и в целом по области, стало улучшаться только в послевоенный период. В декабре 1949 года Совет Министров СССР принял решение об обязательном семилетнем, а затем восьмилетнем всеобщем обучении детей, переход к которому был завершен в 1952 году. В 1954 году казахская семилетняя школа в Карасу была реорганизована в среднюю казахскую школу, в 1955 году Карамурзинская начальная школа была реорганизована в семилетнюю школу. В 1950-51 учебном году в районе было 37



сы бүкіл облыс көлеміндегі секілді. тек соғыстан кейінгі кезеңде ғана жақсара бастады. 1949 жылдың желтоқсанында КСРО Министрлер Кеңесі балаларға міндетті жеті жылдық, онан соң сеіз жылдық жалпы білім беру туралы шешім қабылдап, оған көшу жұмыстары 1952 жылы аяқталды. 1954 жылы Қарасудағы жеті жылдық қазақ мектебі қазақ орта мектебі болып, ал 1955 жылы Қарамырза бастауыш мектебі жеті жылдық мектеп болып қайта құрылды. 1950-51 оқу жылы ауданда 37 жалпы білім беру мектебі: 33 бастауыш, 3 жеті жылдық және бір орта мектеп болды. 1954 жылғы қыркүйектің 1-інде аудан мектептері парталарына 2239 оқушы отырды. Ал тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстарының басталуымен аудандағы мектептер желісі де, балалар мен ұстаздар саны да көбейіп, мұғалімдердің сапалық құрамы өзгерді.

Халыққа білім беру саласында болған өзгерістер туралы аудандағы орта білім ордаларының бірі – Құшмұрын мектебін мысалға ала отырып сипаттауға болады. Құшмұрын мектебі туралы алғашқы естеліктер бұл жерде алғашқы ағартушы ұстаздар пайда болған 1930 жылғы жатады. Люблинкада да, көзі көргендердің еске алуынша, 1930 жылы тек бастауыш мектеп болып, мұғалімдер балаларды тек әліппеге, арифметика мен оқуға үйреткен. Мектеп ғимараты саманна тұрғызылған, сабақты жермай шамы жарығымен оқитын. Пешке қамыс пен сабан жағатын. Ғимарат екі сынып бөлмесі мен мұғалімдер бөлменсінен тұратын. Кейін ол жеті жылдық мектепке айналып, оның директоры Ким Сергей Дмитриевич, оқу ісінің меңгерушісі Мельникова Клавдия Петровна болды.

1952 жылдан мектеп директоры болып Медведева Раиса Ивановна, оқу ісінің меңгерушісі болып Вальтер Федор Антонович істеді. Ұстаздар құрамы Бартенева Анна Васильевна, Шалапанова Анна Илларионовна, Мельникова Клавдия Петровна, Мухина Нина Ивановна, Ковальская Надежда Федосеевналардан тұрды. 1954 – 1955 жылдарға дейін жергілікті балалар осы мектепте оқыды, сынып бөлмелерінің тарлығы сондай, оқушылар сыныптарға сыймаймын, парталар терезеден есікке дейін бір-біріне жалғастыра қойылатын... Сондықтан тағы бір мектеп ғимаратын салу туралы шешім қабылданды. Мектеп құрылысы тың дәуірнамасына тұспа-тұс келгендіктен, ол уақытша, бір жылға, жаңа келген тың игерушілерге жатақхана ретінде берілді. Бұл ғимарат бұрынғыдан сәл үлкендеу, төрт сынып пен бір мұғалімдер бөлмесінен тұратын еді. Бұл жерде бастауыш сыныптар мен мектеп кітапханасы орналастырылды. Ол кезде төменгі сыныптарға мұғалімдер Покалова Любовь Антиповна, Шульгина Клавдия Петровна, Анискевич Раиса Ивановна және Беленко Валентина Васильевналар сабақ







беретін. Қалған балалардың барлығы ескі саман мектеп пен сыныптар ретінде пайдаланылған бір тұрғын үйде оқыды. 1960 – 1965 жылдары мектеп директоры болып тарих пәнінің мұғалімі Теміров Құсман Құлманұлы істеді. Мектеп жаңа педагогикалық кадрлермен толықты, өсіп, он жылдық білім ордасына айналды. 1960 жылы Украинадан Людмила Михайловна Кикош келді. 1963 жылдың қаңтарында Солтүстік Қазақстаннан тәжірибеден өту үшін Онищенко Нина Ивановна келіп, осында біржола қалып қойды.

1965 – 1972 жылдары мектеп директоры болып, білімі жөнінен физик, шаруаға өте мығым адам Хайруллин Александр Хабибулұлы істеді. Оның басшылығы тұсында Амангелді кеңшарынан келіп оқитын 9-10 сынып оқушылары тұратын интернат салынды. 1968 жылы Қарасу өзені жағасында кірпіштен жаңа екі қабат мектеп ғимараты тұрғызыла бастады. 1970 жылы ол пайдалануға берілгеннен кейін Люблинкадағы мектеп орта мектеп болып қайта құрылды, Бұл мектепте балалар әлі күнге дейін оқып жүр.

1973 – 1979 жылдар аралығында мектепке физик Фирсин Иван Владимирович директорылқ етті. Оқу ісінің меңгерушісі Антоненко Вера Гавриловна болды. 70- жылдары жаңадан келген жас ұстаздармен толыққан педагогикалық ұжым біржола қалыптасып бітті. 1972 жылы Кубаньнан жолдама бойынша математика пәнінің мұғалімі Зайцева Таиса Степановна мен пионерлерлер тәлімгері Беркман Светлана Владимировна, Қостанай ауданынан орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі Фитерер Ирина Ивановна, жергілікті Құшмұрын мектебінің түлегі, орыс тілі мен әдебиетінің оқытушысы Шамина Эльвира Яковлевна, математика пәнінің мұғалімі Пробст Лидия Викторовна келді. 1977 жылдар шамасында жаңа құрылыс жұмыстарын бастау туралы шешім қабылданып, ескі мектепке жапсыра жаңасы салынады. 1978 жылғы қыркүйектің 1-інде жаңа мектеп оқушылар алдында есігін айқара ашты. Енді кең де жарық сынып бөлмелері, кітапханасы, асханасы, спортзалы мен шеберханалары бар мектепте білім беру тек бір ауысыммен жүргізілетін болды. Онда оқуға балалар Носовская, Симферопольская, Утинская бөлімшелеріндегі бастауыш мектептерден келіп оқитын. Оқыту және тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастырып, баскарумен қатар мұғалімдер мектептің материалды-техникалық негізін құруға да көп күш-жігер жұмсады.

Дәл сол кездері 75 орындық интернат, сан түрлі құрал-жарақтар орнатылған шеберханалар, мектепке арнап сатып алынған автокөлік тұратын гараж салынып, стадион жабдықталды.

1983- 1995 жылдары мектеп директоры болып Паульс Виктор Николаевич, оқу ісінің меңгерушісі болып

общеобразовательных школ: 33 начальных, 3 семилетних и одна средняя. 1 сентября 1954 году в школах за парты сели 2239 учащихся.

С началом освоение целинных и залежных земель выросла и сеть школ, контингент детей и количество учителей значительно увеличились, изменился качественный состав учителей.

О переменах, происходящих в сфере народного образования ретроспективно можно рассказать на примере одной из школ района – Кушмурунской. Первые воспоминания о Кушмурунской школе относятся к 1930 году, когда появились учителя - передвижники. В Люблинке, по воспоминаниям очевидцев, в 1930 году тоже была только начальная школа, учителя учили детей грамоте, арифметике и чтению. Здание школы было саманным, уроки проходили при свете керосиновой лампы. Печи топили камышом и соломой. Состояла из двух классных комнат и учительской. Школа стала семилеткой. Директором семилетней школы был Ким Сергей Дмитриевич, завучем Мельникова Клавдия Петровна.

С 1952 директором школы работала Медведева Раиса Ивановна, завучем Вальтер Федор Антонович, учительский состав Бартенева Анна Васильевна, Шалапанова Анна Илларионовна, Мельникова Клавдия Петровна, Мухина Нина Ивановна, Ковальская Надежда Федосеевна. Вплоть до 1954 – 1955 годов занимались в ней, учащиеся не вмещались, классные комнаты были тесными и тёмными, парты стояли сплошь от окна до двери... Поэтому было решено построить еще одно здание школы. Строительство школы совпало с началом целинной эпопеи и его временно на один год отдавали под общежитие прибывшим целинникам. Оно было больше, состояло из четырех классных комнат и учительской. Здесь разместили начальные классы и школьную библиотеку. Работали тогда учителя начальных класов Покалова Любовь Антиповна, Шульгина Клавдия Петровна, Анискевич Раиса Ивановна и Беленко Валентина Васильевна. Все остальные дети занимались в старой саманной школе и в одном доме, переделанном под классы. В 1960 – 1965 годах директором школы был Темиров Кусман Кулманович, преподавал историю. Школа пополнялась педагогическими кадрами, росла, стала десятилеткой. В 1960 году с Украины приехала Людмила Михайловна Кикош. В январе 1963 года из Северного Казахстана на практику приезжает Онищенко Нина Ивановна и остается работать.

В 1965 – 1972 год директором школы был Хайруллин Александр Хабибулович, физик по образованию и очень хозяйственный человек. Был построен интернат, в котором жили дети села Амангельдинского, 9-10 классы. В 1968 году началось строительство нового двухэтажного здания школы из кирпича на берегу речки

Беркман Светлана Владимировна істеді. 1995 жылдың ақпанында мектеп директоры қызметіне Зайцева Таиса Степановна тағайындалды. Оқу ісінің меңгерушілері - Кубышина Валентина Викторовна, онан соң Веверица Ирина Викторовна болды. Ұстаздар ұжымын: Брага Анна Николаевна, Королькова Татьяна Төлегенқызы, Эберле Татьяна Михайловна мен Георгий Викторович, Болониндар Андрей Иванович мен Елена Евгеньевна, Савицкая Елена Станиславовна, Чернитенко Сергей Александрович, Зайцева Марина Федоровна, Бутурля Анна Владимировна, Кравченко Татьяна Геннадьевналар құрады.







